


сара  
тастанбеккызы

тордағы тоты

Щ



# Сара Тастанбеккызы



ӨЛЕНДЕР МЕН АЙТИСТАР

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ  
Алматы — 1980

Каз2  
Т22

T  $\frac{70700-153}{402(05)80}$  124-80 4702230100

(C) «Жазушы» — 1980

## АҚЫН САРА

XIX ғасырдың соңғы жылдарынан бастап қазақ халқы арасында есімі кеңінен тараған аяулы қыздардың бірі — ақын Сара. Бұл есімді жария еткен 1898 жылдан бастап Қазан қаласында бірнеше дүркін басылған «Біржан мен Сараның айтысы» деп аталағын шағын ғана кітапша болатын. Арқаның ардагері Біржан салмен сөз сайысына түскен, Жетісудың «бұлбұлы» атанған Сара есімінің ел есінде берік сақталуының басты себебі ұзак айтыстағы қарымта жауаптарының көркемдігінде ғана емес; ақын Сараның аузынан шыққан:

Қажеке-ау, күні құрсын ұрғашының,  
Билігі болмаған соң бір басының:  
Берген соң тері-терсек ит те алады,  
Бұлындай берекесіз арбашының,  
Қажеке-ау, ғайып етпе зарлағанға,  
Тұңғық сөзім терең барлағанға.  
Мінеки, он жетіге биыл шықтым,  
Сан жүйрік ерген емес самғағанда!

Хан, кара — шаршы топта сан сайрадым,  
Көз көрмей, бәрі бекер нанбағанға...  
Қажеке-ау, сізге айтарлық арызым сол —  
Қапамын басым билік алмағанға,—  
деген сияқты сөз маржандарының жарқырап жатқандығында,  
Сараның ой-пікірінің биіктігі мен сана-сезімінің сергектігінде. Айтыстың өн бойында Ұлы Октябрь революциясына дейінгі қазақ қауымы

ұстанған рулық-феодалдық, соқыр-діншілдік салт-ғұрыптардың халықты әбден қажытып, титиғына жеткені, еркіндік аңсағандарды ілгері аттапай, еңсесін басқан түнекке айналғандығы еш бүкпесіз, ашық айтылады.

Кезінде Сараның атын естімеген, оның өнеріне таңданып, таңдай қакпаған қазақ кемде-кем десе де болғандай. «Біржан мен Сараның айтысын» іздел жүріп, қолдан-қолға көшіріп алушылар немесе оны жатқа айтып жүретін адам аз болмаған. Тіпті бұл айтыс қазақ, татар өнерінің революцияға дейінгі кезеңде жылтырап акқан алғашқы жылғасы есепті қазақ ауылдарында сахнаға шығарылғаны да мәлім.

Айтыс 1895 жылдың жазында Ешкіөлмес тауының бауырында, Тұрысбек қажының ауылында болған. Содан бірер жыл өткеннен кейін яғни 1896—1897 жылдары толықтырылып хатқа түсіріліп, Петербургтағы патша цензурасының қарауынан өтіп, Қазан университетінің литографиясынан 1898 жылы бөлек кітапша болып басылып шыққан.

Біржан мен Сара айтысының екі нұсқасы бар, екеуі де революцияға дейін басылған. Алғашқы нұсқасы, көлемі 19 бет: «Қисса, Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен 1898 жылы Қазанда басылған. Жинал бастыруши — Шайхұлисламов Жүсілбек Қожа. Кейін бұл нұсқасы 1900, 1901, 1907, 1912, 1913, 1914 жылдары өзгеріссіз қайталанып басылады. Екінші нұсқасы «Қисса, Біржан сал мен ақын Сараның айтысқаны» деген атпен 1899 жылы (бұл да Қазанда басылады) және 1902 жылы екінші рет көлемі 24 бет болып қайтадан басылып шығады. Бұл нұсқасын жинал бастырған адамның аты-жөні көрсетілмеген. Кейір жекелеген сөз өзгерістері мен айтыс диалогтарының аудиосқаны болмаса, негізгі текст екеуінде де бірдей. Бірінші нұсқасы екінші баспасында аз өзгеріспен түгелдей алынады да, тек оның алдыартына, арасына жалғастыратын өлең жолдары қосылып толықтырылады. Сондықтан айтыстың бірінші басылымын негізгі нұсқасы деп есептедік.

Айтыс қазақ әдебиеті тарихында келелі орын алатыны мәлім.

Оны зерттеу мәселесіне бірнеше көрнекті әдебиетшілер арнайы көніл аударып келеді. Жазушы, академик С. Мұқанов 1939 жылдан бастап айтыс жанрын, онымен бірге Біржан — Сара айтысын зерттей бастады. Ол өзінің жеке мақалаларындағы пікірлерін қорыта келіп, 1942 жылы жарияланған «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабында айтысты дербес тарау етіп, толықтырып жазды. Профессор Қ. Жұмалиев Біржан — Сара айтысы туралы алғашқы мақаласын 1939 жылы жариялады. 1941—1950 жылдар арасында өзі жазған орта мектеп окулығында Біржан творчествосына арнайы тоқталып, Сарамен айтысына талдау береді.

«Қазақ әдебиетінің тарихындағы» академик М. Әуезов жазған айтыс өлеңдері тарауын бұл саладағы құнды еңбек ретінде ерекше атау қажет. Бұл мақаласында М. Әуезов айтыс өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктеріне және оны зерттеудегі проблемалық мәселелерге нақтылық тоқталып, ғылыми негізін ашып, айтыс жырының ең күрделі, дамыған үлгісі ретінде Біржан — Сара айтысын терең талдайды. Сол сияқты филология ғылымдарының докторы М. Ғабдуллин 1958 жылы жарыққа шықкан монографиялық еңбегінде айтыс өлеңдеріне арнайы тарау бөліп, ол да Біржан — Сара айтысына тоқталады. Филология ғылымдарының докторы Б. Кенжебаев өзінің монографиялық еңбегінде Біржан — Сара гйтисы жөнінде басқа пікірде болғанымен, айтыска талдау жасайды.

Айтыстың екінші басылымына — «Әріп шығарды» дейтін нұсқасына келсек, ондағы айтыс өлеңдерінде айырмашылық тіпті аз, тек айтыстың алдында, арасында, соңында қоспа бар. Біржан — Сара айтысының жалпы көлемі — 1080 жол. Соңғы нұсқаның алғашқы нұскадан 173 жолы ғана артық.

Айтыстың екінші нұсқасын баспаға ұсынып бастыруши мұны өзім шығарып едім демейді, ел ішінде ертеден бар екеңін:

Тұтқасы екеуінің — Аргын, Найман,

Бұл өлең шыққан екен бірталайдан,—  
екенін айтады. Мұнымен қатар айтыстың ауызша таралып жүргенін ескертіп:

Эр кісінің қолында біреуі жүр,  
Біреуі рас болса да, бірі жалған,—

десе, айтыстың сол уақытқа дейін баспа жүзін көрмегенін, енді ғана бастыруға ниеттеніп отырғанын:

Сөйтсе де, хат болмайды, басылмайды-ай,  
Қазанға бастыруға көніл ауған,—  
дейді.

Бұған қарағанда, айтыстың Жұсілбек Қожа бастырған 1898 жылғы нұсқасымен бастырушының таныс емес екендігі байқалды. Және айтысты Жұсілбек бір жақтан жинап бастырғанда, бұл жинаушының екінші жақтан баспаға ұсынуы — айтыстың ертеден ел ішіне таралып, халық мұлкіне айналып кеткеніне толық дәлел.

Айтыстың соңғы нұсқасын баспаға ұсынған адам жөнінде ұзақ уақытқа созылған талас пікір болып келеді. Өйткені біраз әдебиетшілер Біржан — Сара айтысын Эріп Тәңірбергенов шығарды деп талас тудырғанда, осыны жинап бастырушы да Эріп деп есептейді.

Солай болуы да мүмкін. Айтыстың аяғында:

Зайсанның жіберілді қаласынан,  
Кімнің-кім зиян шегер данасынан,—  
деп, айтыстың баспаға қай жерден жіберілгені көрсетілген. Бұл кезде Эріптің Зайсан төңірегінде қызметте болуы анық. Осы екінші нұсқасын Эріп жинап бастырып, жоғарыда көрсетілген алғашқы нұсқасында жоқ жолдарды өзі қосуы мүмкін...

Академик М. Әуезов бұл мәселе жөнінде тоқтала келіп, былай деген болатын: «Анығында негізгі шығаруши емес, бірақ өзгеше қоспалар қосуши, соңғы айтуши Эріп болғаны рас. Бірақ ол хал айтысты Эріптікі ете алмайды.

Ақын Сараның әкесі Тастанбек кедей адам болған. Әкесінен Сара жастай жетім қалған. Тастанбектің өзімен туысқан Жай-

саңбек деген інісі, Сарадан ұлкен Сахари деген ұлы болған. Өздерінің күн көрерлік шаруашылығы жоқтықтан, бұл екеуі ауқатты ағайындарының малын бағып, шаруасын істеп күн көрген.

Сараның шешесі Жаншөкенің өмірі де ауқатты абысындарының есігінде өткен. Ел көшсе үй жығысу, конса тігісу, терісі болса илел, жыртығы болса жамап, отын жағу, күлін сыйыру сияқты өнімсіз күйбенмен күні-түні қолы босамаған. Шешесінің ауыр өміріне Сара да жастайынан ортақтас болып, шешесі арқан ессе, бұл жұн тұтісіп, от жакса, тезегін терісіп, өз әлінің келгенінше қолқанат болған. Ол тезек тере шыққанда, өз арманына жете алмаған көңілі қаяулы әйелдердің мұнды әндеріне құлак қойып, олардың көкірекін қарс айырған қайғысының мәнін түсінуге тырысқан, олардың өлеңін үйреніп, әнін салған. Дарынды жас бала елдегі ақындар мен шешендердің сөзін тыңдауға, өлеңін жаттауға талпынған. Бұған Сараның туған елі, өскен ауылындағы бұрыннан келе жатқан ақындық арнасы қолайлы келген.

Жаншөкенің кара лашығы әбден тозып бітіп, басқа көленке болудан қалған соң, қайнысы Жайсаңбек пен баласы Сахари Абдыра бекетіндегі (қазіргі Аксу селосы) жатактардың бір шетінен жеркепе соғып береді. Жайсаңбек аса мықты, жөпшенді құнан өгізді тік көтеріп, иығына салып жүре беретін палуан адам болған. Сол қайратына қарай, өркөкіректеу кісі екен. Содан да ол өзі жасынан малын бағып, азабын көтеріп келе жатқан Тастемір ауылының Сарбас деген болысмен берекеге келе алмай, «жал-дансам, басқа жерден де айран тауып ішемін» деп, кетіп қалады.

Сол тұста Сарбастың орнына болыс бола қалған баласы Арнай Жайсаңбек пен Сахаридің өз бетімен кетіп қалғанына наразы болып, әрі оларға тілін алдыра алмағандығына намыстанып қалады.

Абдыра бекеті Тұрысбек саудасының тұракты базары болған. Міне, осыған байланысты тұрғындары Тұрысбек алдында тәуелді болған. Осыны білетін Арнай болыс өз ағайыны Жайсаңбекті «қажы аулының малын ұрлап сойды» деп Тұрысбекке шағыстырған. Сөйтіп Тұрысбекпен тізе коса отырып, Жайсаңбекті айдатып

алып, оған «ұрысың» деп, ат-шапан айып салған. Жайсанбектің мұндағы айып төлеуге мал-мұлқі болмағандықтан, сол кезде әлі де ел көзіне түсे қоймаған жас қарындасты Сараны «Ат-шапан айып» орнына Тұрысбектің «қанжығасына байлаған».

Көптен бері сіңірген еңбегі үшін қарыздар Тұрысбек жасы қырықтан асканша әйел алмаған Жиенқұлға Арнайдың ақылымен колына түскен жетім қызы Сараны бермек болып, бата жасаған. Жас Сара торға түскен торғайдай шырылдайтын кезең, міне, осыдан басталады. Ол өз өміріндегі өкініштерін, өзегін өртеген зармұнын жұрт алдына жайып салу үшін, көшпелі тұрмыс жағдайында, көшсе көлік үстінде, конса кора төрінде:

Дүниеге неге туып, неге келдік,  
Қоретін болсақ өнкей қорлық-кемдік.  
Жетімдік, жеткіліксіз шерлі өмірдің,  
Дүниеде болған ба тек бәрі мендік.  
Бұғаудан босанудың кілтін таппай,  
Іздеймін, халқым, сенен, тұрмай-жатпай.  
Қөрінбей көп ішінде, кетсем деймін,  
Құтылған жәйін қуып, ак шабактай...—

дейтін өлеңдерін айтып, аяқ жетер жердегі ауыл-аймақта заренірейді.

«Біржан — Сара айтысы» кітапшасында Сараның аузынан шыққан өлең сөздер арасында:

Арсалан, сал Ниязбек іздел келіп,  
Шошыды жүгірістен танбағанға,—

дейтін жолдар бар. Осындағы Арсалан ақын да кенже руынын Сұртай, Мәмбет дейтін тармағынан тарайтын Тыбыш дейтін аз ауылдан шыққан адам. Арсалан Сараның атын естіп әдейі іздел келгенде, Сара оның алдында да өз басының мұнын айтып, бүкіл Кенжені билеп тұрған Арнай болыстың өзінің тені емес адамға, кемтар Жиенқұлға байладап бергеніне ашық наразылық білдірген.

Елімнің би де бар Телібайдай,  
Бергеннің біреуі сол мені байлай.  
Бәрі де қажы аулының камын істеп,  
Жабысады терідегі шелі майдай.  
Елімде батыр да бар Мұсәпірдей,  
Жүрген жоқ жағдайымды көрмей-білмей,  
Алдында Тұрысбектің күрдай болып,  
Жорғалайды жақсылардың бәрі бірдей.  
Өлшеу жоқ қиялымның өрісіне,  
Шыдаймын, шығармаймын көбісіне.  
Айттырған күйеуіңіз, Арнай аға-аяу,  
Сыйғандай бір тоқтының терісіне...—

дейтін өлеңдері осы Арсалан ақын алдында айтылған. Осындағы аты аталатын Телібай — Сака-Тоқпанбет руының би. Ал Мұсәпір Сақайдағы Байғазы руынан шыққан батыр болған. Бұлар бірде «Мына қызы зарлап басымызды ауыртты, осыны азат етсеніз қайтеді?» дегенде «Ақ койдың каны мен ақ батаның заңын бұзбау құдай алдындағы борышымыз»,— деп, Тұрысбек қажы сөзді доғартып тастаған.

Кенже руларының басты-басты адамдарының алдында арызарманың қанша айтқанымен, олардың қолынан келетін жәрдем жоқ екенін Сара да түсінген. Өз тағдырының кілті Тұрысбектің ғана қолында екеніне көзі жеткен. Бірак, болашақ келіні ретінде сол замандағы әдет-ғұрыптардың шенберінен шыға алмай, көпке дейін Тұрысбектің өз алдында мұн-шерін ауызба-ауыз айта алмаған.

Осындай арыз арманың Тұрысбек қажының өз алдында айтпак болған, оған бір қолайлы сәтті күтіп жүрген Сара арманының жүзеге асу сәті 1895 жылдың жазында түсті.

Әдайілеп пе, жоқ әлде жол-жөнекей сусындау үшін бұрылды ма екен, әйтеуір, Арқаның атакты әншісі Біржан сал Ешкіөлмес тауының бауырында отырған Тұрысбек қажының ауылына келіп түскен. Салға лайықты сый-күрмет көрсетуге тиісті болған Тұ-

рысбек кажы сол кезде Қапал мен Арасаның аралығындағы «Ақтасты кезеңінде» қоныстанып отырған Тәнеке баласы — Есімбек ауылдындағы Сараны арнайы шақыртып алдырады.

Біржан мен Сара ауызынан шыққан тапқыр да тамаша сөздер соншалықты көп әрі әсерлі болуымен катар, өмірдің өзекті мәселесін — әлеуметтік тұрмыс шындығын ашуға бағытталған. Шынтуайтқа келгенде, Сараның бір басының бостандығы негізгі тақырыпқа айналып, айтыс келген қонақтарға ғана емес, бұл жайды бұрын елеп-ескере бермейтін ауыл адамдарына да үлкен ой салады. Біржанның:

Арманың анық болды енді маған,  
Ашиды, рас, жаным, Сара, саған.  
«Алтынның қолда барда қадыры жоқ»,  
Қор бопты бағалаусыз асыл баған...  
Біліп ем Сара сенің сынарынды,  
Баса алмай армандамын құмарынды,  
Естітіп ел шетіне келгеннен-ак,  
Білгемін арман айтып жыларынды.  
Бір сырлы, сегіз қырлы, жүйрік Сара,  
Көрсettің көзге тұрте мұнарынды.  
Шақыртып күйеуінді осында алдыр,  
Көрейін таңдал қосқан сынарынды...—

дегеннен кейін Сара:

Ашылшы ауызым бір, сайрап тілім,  
Құлпырар ма еken қайта қызыл гүлім!  
Халқыма ұялғаннан айта алмаушы ем,  
Есекке қосақтаулы өтті-ау күнім.  
Өзі білер деуші едім жақсылардың,  
Ойласам қате қылық еken мұным,  
Бір жәрдем бермегендеге Біржан ағам,  
Жоқ еken жүйрік иттей өлсем құным.

Сайрайтын сандуғаштай сөрлы басым,  
Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім...—  
дейді.

Мұнан соң шақыртып алдырылған Жиенқұлдың тұр-тұрлатын көріп, Біржан қайта шырқайды:

Шырағым Сара, сендей тумас бала,  
Шежіре туармысың мұндай дана.  
Обалың ел ағасы Тұрысбекке,  
Қосқаны нашар екен, ей бейшара...  
Тұрысбек, той бол қайтсын осы жиын,  
Берейін көкпаратына мен-ақ тиын.  
Азат ет халық алдында Сара қызды,  
Бір бата көп үйғарса қанша қыны?

Шуылдал, жүрт қоштаған осы бір үлкен толқын үстінде Тұрысбек қажының халық пікірімен санаспасқа лажы қалмаса керек, ол Сараны басы Жиенқұлдан азат деп айтуға мәжбүр болады. Дәл осы шешім «Біржан — Сара айтысы» кітапшасының Санкт-Петербургтағы императорлық цензураның 1901 жылы 3 октябрьде рұқсат еткен нұсқасында:

Сараға ер Есімбек берді жорға,  
Ұялып бергеннен соң алды зорға,  
Тұрысбек ақ жібектен көйлек беріп,  
Жылатпаспын сені енді,— деді,— корға...—

деп жазылып қалған.

Халықтың азат өнері — өлең Сара мен Біржан аузынан асқақтал шықты да, әйелдер азаттығы мәселесін тақырып етіп, тұңғыш рет ұлы жиында халық бұқаrasының талқысына салынды. Әйелдер азаттығы бұқарапалық мұдде екеніне көзі жеткен Тұрысбек қажы өзі берік тұтып келген байлық-феодалдық салт пен діни дәстүрлерден тұңғыш рет шегініс жасады.

Сөйтіп, Сара арқылы «ак койдың қаны, ак батаның заны» тұңғыш рет аяққа басылды. Қаршадайынан жылап өскен жетім

қыздың құлағына «азат» деген сөз түнғыш рет естіліп, мұны бірге, мұдделес Қаптағай елінің әйелдері мен қыз-келіншектері оған шашу шашып, ақ жүректерімен құттықтады.

Ақын Сараның есімі сонау XIX ғасырдың соңы жылдарында хатқа түсірілгенімен, өзінің шын бағасын Октябрь революциясынан кейін, біздің советтік заманымызда ғана алып отыр. «Біржан — Сара» айтысы бүгінгі түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті-мізге ағынды бір арна болып қосылды. Атап айтқанда, халқымыз аса жоғары бағалаған «Біржан — Сара» операсы тек қазақ халқының ғана емес, сонымен қатар бүкіл қөпүлтты совет халқының сүйін тыңдайтын музыкалық мұрасына айналды.

Ал, ақын Сарадан қалған ақын дәстүрі ше? Бұл дәстүр біздің заманымызда коммунизм орнатып жатқан совет халқының жеңістерін жырлайтын мерекелік шаттықтың ерекше бір түріне айналды. Оған әрбір ауданда, облыс орталығында, республикамыздың астанасында жиі-жиі өткізіліп тұратын ақындар айтысы толық дәлел бола алады. Бұл атақты Біржан салмен сайысында айтыс өнерінің асқар биігіне көтерілген ақын Сараның егіп кеткен өнер ұрығының бүгінгі таңда барынша көктеп, жапырағын мол жайғанын көрсетеді.

Сараның ақындығы сөз болған жерде оның ертеде баспа жүзін көрген «Біржан — Сара айтысы» атты кітапшада жазылған өлеңдерімен ғана шектеліп қалу жеткіліксіз. Сөз жоқ, ол кітапшадағы өлең шумактары Сараның аузынан шыққан асыл сөздерінің аз ғана бөлігі болуы мүмкін. Әйткені, оның тұсында тіршілік еткен, небір сауық-сайранды құндерді бірге өткізген адамдардың барлығы дерлік сауатсыз еді. Сараның небір алтын сөз, асыл түйіндерін қолма-кол хатқа түсіре қоятын қолында қаламы бар адам болмағандықтан, «әу» деп шырқалған әуенмен бірге аспанға өрлең, көк күмбезіне көтеріліп кете барған. Әрине, бұл Сараның кінәсі емес, замана кінәсі еді.

Дегенмен, «Ат аунаған жерде түк қалады» деп, халқымыздың тауып айтқанындай, азды-көпті өмір сүріп, артына ұрпак қалдырыған Сараның сол өзі өскен ортасында ешбір сөзі сактал-

май қалуы мүмкін емес еді. Іс жүзінде көмулі жатқан қазынаны көрсететін көненің көздері бар болып шықты. Бұл арада «көненің көздері» деп отырғанымыз — Сарамен қатар өмір сүрген замандастары. Солардың көмегімен Сараның бұрын хатқа түспеген бірнеше өлеңдерінің нұсқасын жазып алғып едік. Бұл өлеңдер «Тұзак», «Ақку», «Сртак мұн», «Ашындым», «Арсалаң алдында», «Жүрек», «Қарлығаш», «Қош бол, елім» деп аталады.

Осы өлеңдерінің ішіндегі көлемдісі — «Тұзак». Бұны поэма деп атаса да болғандай. Оның: «Құл қысымы», «Бәдуә», «Ұрлық», «Зорлық», «Қорлық» дейтін тараулары бар. Бұл ұзак өлең. Сараның өзінің «Қаптағай қамалының» торына түскен торғайдай шырылдал, Жиенқұлдың құрығынан құтылудың жолын іздел, шарқұрыл жүрген кезінде дүниеге келгенге ұксайды. Сара ағасы Жайсаңбекке Арнай болыс пен Тұрысбек қажының қалай тізе көрсеткенін, өз үйінің кедейлік күйкі халін баяндайды.

Салынған салқорадан аласа үй,  
Есіксіз, терезесіз қараша үй.  
Казандық, көне алаша, тозған қомша,  
Жетімсіз жарлы тұрмыс іштегі күй.  
Әйнек жок, терезеге тартқан қарын,  
Азынатқан босағадан қыс ызғарын.  
Төрт жағын төңіректің кар үрлеген,  
Жан да жоқ келіп-кетер бірлі-жарым.  
Жылтылдал сол бір үйден шыққан жарық  
Кейде өшіп, үзіледі, кейде жанып.  
Сол үйде тырбанумен тынбайтын мен,  
Тамызық, отқа уысталп отын салып...

«Тұзак» поэмасындағы Сара үйінің тұрмыс халі осындаі. «Ашындым» деген өлеңінде Сара бұрынғы балалық шағы мен ауыл аралап, арыз-армандарын айта бастағанын көрсетеді.

«Арсалан алдында» атты өлеңінде Сара өзін бөріге байлад берген лақтай шырылдатқан ел-жұртының басты адамдарын батыл сынаумен қатар:

«Ақ бата», «Ақ қой қаны» деген атак,  
Әрқашан көлденеңдеп алда жатад,  
Дегенде-ақ «күдай», «күран», құл боласын,  
Кайсыңың бұл қамалға колың батад?!

—  
деп, халық санасын түмшалап тастаған дін мен ғұрыпты ашына  
айыптайды.

«Қарлығаш» атты өлеңі тұспалмен айтылған жұмбақ-сынды  
өлең:

Толғанып терең ойға баттым, ағай,  
Бір таңға көз іле алмай жаттым, ағай.  
Жайдары жүрегіме от бол тиді,  
Әр сөзі сіздің жазған хаттың, ағай.

Сөзім жок, жалғыз ауыз қарсы қояр,  
Әр сөзің ем секілді-ақ дерті жояр.  
Корғаған бұтағыңмен бәйтерек ен,  
Қай жағынан болса да көңлім тояр.

Таба алмас қазақ қызы сіздей, аға,  
Етегін жел жакқа ұстап болған пана.  
Ақ жүрек, адал ниет, асыл сөзді  
Тең тұтқан ғылым, білім артық баға.

Бұл өлең сол кездегі айтулы ақындардың бірі Әріп Тәңірбергеновке қайтарған жауап хаты сияқты. Қазақ ССР Ғылым академиясының сирек кездесетін колжазбалар корында Әріптің «Сараға» деп аталатын өлеңмен жазылған көлемді хаты бар. Әріптің кезінде Сараның аузынан шыққан асыл сөздеріне мұқият құлак қойып, хатқа түсіріп, кейін кітап қып бастырып шығару үшін үлкен еңбек етуі ешбір себепсіз емес деп білеміз. Сондай себептердің бірі — оның өз басының Сараның ақыл-көркіне ғашық болып, өзіне жар етсем деген талап-талпынысында жатса керек. Оның Сараға жазған хатында Сараға ғашықтығын білдіретін толып жатқан мысалдар бар. Бірақ жоғарыда келтірілген өлеңдегі Сара-

ның жауаптарына қарағанда, өзінің биязы міnezі, сыпайы сөздерімен Әріптің тілегін қабылдаи алмағаны аңғарылады.

Ешкіөлмес ауылында көп алдында айтылған сөз байламынан кейін Сара «Азат қыз» аталып жүре тұрды. «Азат қыз» деген атақ тек қана Жиенқұлға атастырудан азат болды деген мағнада жайылды. «Каптағайдың қалындығы», «Ерден кеткенімен, елден кетпейді» дейтін ескі салтқа сүйенген «әменгерлер» тұс-тұстан келіп, Сараны арадай талады. Біреуі «малдымын», біреуі «әлдімін» десе, енді біреулері «көптігі» мен «ептілігін» айтЫП, акын қыздың жанын жаралады. Қызды «сен емес, мен аламын» деген әумесерлер ағайын арасында алакөздік туғызып, мал шаштыруға дейін апарды.

Осындай жағдайда Сара ешкімнің етегінен үстай алмайды. «Асау қыз», «Асқақ қыз», «Бай таңдаған қыз» атандырып, жұртоны неше сакқа жүгіртеді. Ондай әңгімелердің бәріне де Сара қоңтөрлік жасап, шыдайды. Өйткені, ол аса қындықпен жеңіп алған «азаттығынан» да айрылып қалам ба деп қорқады.

Әріптің де Сараға сөз салып, хат жазғаны осы «азат жылдары» болса керек.

Нәрсемен бір мұқалдым болмайтұғын,  
Ой терен — дария құйсаң толмайтұғын,  
Қанатым тасқа соғып қайырылды,  
Қыран ем мұрәттіні қоймайтұғын.

Қырық шалғым бәрі бірдей қалды қирап,  
Таба алмай ем-даусын жүрмін жинап,  
Жас ғұмыр далбасалық күнмен өтті,  
Жиһатпен көл шаршадым жанды қинап...—

деген сөздері оның Сараны колына түсіре алмай, торыккандығын көрсетеді.

Қаншалық табандылық жасап баққанымен Сара «нағыз азат» бола алған жоқ. Өйткені, ондай азаттықтың таңы әлі де атпаған

заман еді. Әменгерлікпен Сараны әйел үстіне алғысы келгендер бұл үміттері үзілген соң, бұрын аузынан тастамай жүретін «махаббатын» былай коя тұрып, өшпенділікке көшті. «Қаптағайдан қарасын үзгісі келетін көрінеді» деген сыйыс сөз тарап, Сараға ізіне түсушілер көбейеді. «Асаяу қызға тұсау» салынды. Кемеліне келіп бой жеткен сұлу қыз бұрынғы «әлпештен» айрылып, аза тұтқан әйелдің кебін кие бастады. Тіпті қаптағай жігіттерінен басқа біреумен күлгені байқалса-ақ «аруақ аттап, ел шарлаған сайқал» есебінде «ат құйрығына байлаймыз» деп даурығушылар да болды. Ақыры Сара қақ-сокпен ісі жоқ, момын адам Алтынбай баласы Бекбай дегенге тұрмысқа шығады. Жетпіс-сексен жыл бойы «Біржан — Сара айтысы» атты кітап бойынша Жиенқұлға телініп келген ақын Сара шын мәнісінде Бекбай деген кісінің әйелі еді.

Жастайынан иығын басқан жарлы өмір мен жарапы көнілі Сараны көп жүргізбеді. Ол 1916 жылдың көктемінде 38 жасында өкпе ауруынан қайтыс болды. Оның сүйегі Қапал-Үлгітірек шаруашылығының «Үш кәукен» дейтін жеріндегі «Тасыбай бейтіне» жерленген.

Сара Бекбайға қосылып, балалы-шағалы болғаннан кейін өлең айтуды қоюға тырысқан. Бірақ оны бұрыннан естіп-білетін адамдар ат жіберіп, жынын-тойға қолкалап шақыртып алатын болған. Жұрт көнілін қимағандықтан, домбыраға қосылып ән салып, өлең айтып бергенімен, ауыл арасындағы ақындармен айтыса қоймаған. Сараны қадірлеп шақырған ірі жындарда оның қасына көбіне өзінің енесі Қамқа бәйбіше еретін болған. Кейде Ері Бекбайдың өзі де домбырасын өнгеріп, Сараны шақырған той-жыныға еріп барады екен.

Өзін Қаракерей Қабанбай батырдың үрпағымын дейтін Дәмелі шешей: «Сараның жынын-тойға кетіп бара жатқанында бірнеше рет үйіме түсіріп, ас ішкізіп аттандырдым,— дейді. — Сара келеді дег естісе, ауылдың қыз-бозбалалары көтеріле келетін. Сара отырған киіз үйді қоршап алып, оның өлеңін тыңдайтын».

«Сараның әсем даусы домбыра сазымен әдемі үндесіп, құлак

құрышын қандыратын. Әдемі әніне маржандай асыл сөздері келіп косылғанда, кім-кімнің де болса көнілі көтерілмей, көкірегі желпінбей тұра алмайтын. Сара өлеңіне ынтықкан жұрт алдымен киіз үйдің жабығынан сығалап, бара-бара бауын шешіп, туырлыктарын сыпрып тастайтын,— дейді Сараны көзі көрген қариялар.

«Мен көргенде Сара әдемі біткен ашаң жүзді, сымға тартқандай сұңғак бойлы, аксары келіншек еді,— дейді Әділбек ақсақал.— Оның басында үкілеп-шоктаған әдемі сәукелесі бар еді. Оны өлең айтып, домбыра тартқанда басынан алып кояды екен.

Жиегін маржандаған ак жібек жаулығымен отырып өлең айтады. Сонда оның кең маңдайы, төбесінен тең жара өрген толқынды қара шашы, әсем келбеті кім-кімді де сүйсіндіргендей. Домбыраның сазды үніне әсем даусын косқан кезінде бұрынғыдан да әсерленіп, тоты құстай түрленеді екен. Домбырасының басын шоқтап, қакпағына ойдырып кішкене айна отырғызған. Оның қаламының ұшындағ үшкір де епті саусактары домбыраның пернелерін баса жөнелгенде, кимылына көз ілеспейтін».

«Мен ер жетіп есейгенде, үйде жүріп, женгем Сараның тәлім-тәрбиесін көп көрдім,— дейді Сараның қайын сіңлісі Биғайша.— Сара үй шаруасына аса тындырымды еді. Ол үйінің әйелге тән карапайым жұмыстарының бәрін өзі істейтін. Шаруаға жұғым-дылығы сонша, көшіп-қонғанда, жаңа жұртта ең алдымен тігіліп, жүгі жиналышп, оты жана бастайтын үй Сараның болушы еді. Оның үйінің тұндігінен тұтін шығып жатқанда, басқа үйлердің туырлығы да жабылып болмайтын. Өз ісіне ұқыпты болуымен қоса, қой қосақтау, бие сауу сияқты жұмыстарға да ыңғайлы еді. Қашаған қойды ұстай алмай, тырысқақ қойға аяғымды бастырып алып немесе сауып отырған биемді исіндіріп алған кездерімде Сара өзінің әдемі жіңішке үнімен «Әй, кішкенем-ай, сонша орашолақ болармысың!» деп күліп қоюшы еді.

Той-жиынға барғанда Сара қасындағы қызы-келіншектердің таза киініп, сүйкімді болып баруын калаушы еді. Ауылдан шығар алдында «Кішкенем, бері келші» деп шақырып алатын да, мені

ары-бері карап үстімдегі киімінің бойыма қонып тұрғанын, тұрмaganын тексеретін. Көnlі разы болған жағдайда: «Бәсе, бойжеткен деген осылай болуы керек қой» деп, сылқ-сылқ құліп, ертіп ала жөнелуші еді. Ол тойға барғанда, қасындағы қыз-келіншектермен бірге, шеткерлеу жерде отыратын. Ел өзіне онша назар аудармаса еken дегендей, көзге түспеуге тырысатын. Бірақ оны жұрт қоймай шакырып, ең қадірлі деген орынға алып келетін. Сонда бізге киыла карал: «Енді қайтесіндер, ренжімей отыра тұрындар. Үлкен адамдар жұмсаған соң бармасқа лаж жок», — деп майысып тұrғанда, оған разы болатынымыз сонша, кейде мойнынан құшактап, бетінен сүйетінбіз. Ол кішіпейілділігімен қоса көпшіл еді... асыл жеңгем ертерек дертке шалдырып, көnіл көтере алмай қалды. Ұзак уақыт сүзіліп ауырғандығының салдарынан бірте-бірте жүдей берді.

Сараның аңсаған азаттығы ол өлген соң бір жылдан соң-ак дүниеге келді. Ол Ұлы Октябрь социалистік революциясы еді. Сол революция азат еткен көп ұлтты совет халықтарының арасында бір кездегі қайғы езіп, қараңғылық басқан қазақ халқы да бой көтеріп, коммунизмнің арайлы күніне қарай алға басып барады. Ескілік атаулының салт-санасын, солармен бірге «қалың» ғұрпын да әлдеқашан лақтырып тастаған қазақ әйелдері шын мағынасындағы тен праволы совет азаматтары атанды. Олардың ішінде ғалым атанып, өнер туын ұстаған әйелдер жүзден, мыңдап саналады.

Сонау XIX ғасырдың соңғы жылдарында азаттық арманын аспанға алып үшқан Ешкіөлмес тауының бауырында, баяғы Біржан салмен кездескен жерінде, сол жерді қоныстап отырған Абай атындағы колхоздың орталығында қойылған ескерткіш Сара арманының символы дерлік. «Мені де балам деп еске ал, жұртым» деген тілегін бүгінгі советтік үрпақтарының адалдықпен жүзеге асырғандығы айқын айғақ.

Тәнірберген Қалилаханов.

# Өлеңдер Дастаңдар





## **ТАҒДЫР ТӘЛҚЕГІ**

### **1. ЖОҚШЫЛЫҚТА**

Ақша қар алғаш жауған қыстың басы,  
Көңілсіз көк салбырап қабақ-касы.  
Бекеті Абдыраның ашық дала,  
Ақсудың жарғабақты босағасы.

Ышқынған оқтын-оқтын дала желі,  
Жаныштап жер үйлерді бекеттегі.  
Көшіре айдаланың аппақ қарын  
Бұркеді борандата аяз демі.  
Салынған сал қорадан аласа үй,  
Есіксіз, терезесіз, караша үй,  
Қазандық, көне алаша, тозған қомша,  
Жетімсіз жарлы тұрмыс — іштегі күй.

Эйнек жоқ, терезеге тартқан қарын,  
Азынатқан босағадан қыс ызғарын.  
Төрт жағын тәңіректің қар үрлеген,  
Жан да жоқ келіп-кетер бірлі-жарым.

Жылтылдал сол бір үйден шыққан жарық.  
Кейде өшіп, үзіледі, кейде жанып.  
Сол үйде тыңбайтуғын мен ғанамын,  
Уыстап тамызыққа отын салып.

Сақырлап қазан толы қайнаған су,  
Үй-іші қара түнек қаптаған бу.  
Қақталып көн үстінде жатыр апам,  
Естілмейд үйде дабыр, ешбір у-шу.

Телмірген екеу едік тұнді күткен,  
Дәмелі секілдіміз бір үміттен.  
Қазанда қара судың құр қайнауы,  
Айтып тұр үйдің халін азық біткен.

Ақысын жалға жүрген Сахаридың,  
Бермеген жартылап та, болмаса тым.  
Көшіріп іргесінен Абыраға,  
Бұл үйді тентіреткен Арнай мығым.

Жайсаңбек — кіші інісі Тастамбектің,  
Корғаны жесір кемпір, жетімектің.  
Абыра бекетіне қоса келген,  
Корланып ағайыннан алған кектен.

Палуан қажырлы адам қайраты асқан,  
Белдескен көп мықтымен бала жастан.  
Жоталы жолбарыстай жойдасын ер,  
Жұлде алған талай-талай той мен астан.

Тастемір, Арнай болыс, Телібай би,  
Сайысқа Жайсаңбекті салып ылғи.  
Батыры Байғазының Мұсәпір де,  
Жайсаңбек он жасынан алатын сый.

Бас косып ас, жиында халық ана,  
Сайысқан әрбір ерді сынға сала.  
«Жайсаңбек нағыз палуан, жарайтын ер»,—  
Дегенді айтар еді солар ғана.

Елдің сол ардақтысы ер Жайсаңбек,  
Бекетке туыстарын сүйрете кеп,  
Қамы үшін жесір кемпір, жетім бала,  
Ел кезіп кеткен еді азық іздең.

Ал біздің жарлы үйіміз тұн күзеткен,  
Сарғайдық Жайсаңбекті тосып көттен.  
Үй жылдытып, құр қазанға су қайнатып,  
Ырыздық тілеуші едік күнде көттен.

...Мінеки, ауытқыды тұн жарымы,  
Көрінбей күңгірттенді от жарығы.  
Сол кезде үй жанына жақындады,  
Бір дыбыс күртілдеткен тыста қарды.

Жай басқан ауыр жүктен Жайсаңбек ер,  
Сартайжан, үй аман ба? Есік қай жер?—  
Дей беріп арқасындағы ала өгізді,  
Ақырын жерге қойып, бір сүртті тер.

Карт ана қалтыраған қолын жайып,  
«Бұйырсын, адал асы берген ғайып!»—  
Деп, бетің сипай бата беріп жатыр,  
Қалғандай бір-ақ күнде малға байып...

## 2. ЗОРЛЫҚ

Ақырған аяз кетті, басылды жел,  
Ашулы ак бораннан ашылды жер.  
Кар қүреп, қүресіннен жол салынып,  
Катынап, бір-біріне тасынды ел.

Жалғыз үй жапан дүздің жолындағы,  
Бекеттен шеткери бір орындағы,

Елеусіз ел көзіне бір қалыпта,  
Өзгермей өте берді өмір-дағы.

Не болды ондағылар, бар ма, жоқ па,  
Тіршілік халі қандай, аш па, тоқ па?  
Із салып, барып қайту дегендерді,  
Бекетте ешкім ойға алған жоқ та.

Әйтсе де көктем шыға басылған қар,  
Дегендей: «жария болсын жасырғандар»,  
Көзіне ит пен құстың түсे берді,  
Құл-қоқыс, сүйек-саяқ шашылғандар.

Жарлы үйден, үрлеу басқан жеке қоныс,  
Қәбейіп шыққан түтін иіс-қоңыс.  
Білініп бірте-бірте бекетке де,  
Сөз болып онды-солды жатты сол іс.

«Жаз бойы жар құлағы жастық көрмей,  
Жүретін жарлы кемпір азар өлмей.  
Қырық үйден қысқа күнде есік ашып,  
Тынбайтын арқан есіп, жел бау өрмей.

Неліктен қар түскелі қадам баспай,  
Қыдырып ешбір үйден есік ашпай.  
Тығызып сыртқа қалай шықпай қойды  
Күн-түні молыққан ба дайын асқа-ай».

Дегендей күңкіл сөздер күннен күнге,  
Қәбейіп айтылды акыр ашық түрде.  
Бір жат іс жарлы үйінде бар деген сөз,  
Таралып ел ішіне кетті мұлде.

Тараған өсек-аяң осындайдан,  
Айтылмай Арнайға да тұрсын қайдан.

Бұл хабар құлағына тиісімен,  
Шешілді,— деді Арнай,— менің пайдам.

Қан шенгел, қайсар болыс, кара ниет,  
— Қамдан!— деп шабарманға қақты иек.  
Құдайын танымайтын асау кедей,  
Арнайдың алдына енді басын иед.

\* \* \*

Абдыра алақандай абыр-сабыр,  
Алпарыс, шалқыласу, айқай-дабыр.  
Қамаған қараша үйді қырық шакты атты,  
Шуласып бір жаяуға дейді «жабыл!».

Көлденең күресінде тұр Жайсаңбек,  
— Жалынам, жазығым жок, ағайын!— деп.  
— Ұрысың қанды балақ, түстің қолға,—  
Дейді Арнай,— кете алмайсың малымды жеп.

Жарлыда кора болсын кілет қайдан,  
Жөнімен азық жинап етін жайған.  
Кесектей қар астына көмген еттен,  
Қызарып қан көрінді анадайдан.

Ай топыр есік алдын атпен басып,  
Жүргендер сойыл сүйреп, мылтық асып.  
Қазбалап қар астына көмген етті,  
Жабылып алдақашан алған ашып.

Жайсаңбек жалбарынад жауап қылып;  
— Бір маған жабылуға келдің қырық.  
Азығын жетім-жесір тартып алдың,  
Отырған жан асырап, талшық қылып.

Келген жоқ ешқайсыңа менен зиян,  
Десем де бермейсіңдер сөзіме ырық.  
Тұсым, елім емес, жау болсандар,  
Кетіңдер біржолата бізді қырып,—

Деді де ашу қыскан арынымен,  
Арнайды ат үстінен алды жұлып.  
Белбеумен омыраудан қымти ұстал,  
Дегенше: «жіберейін жерге ұрып»,  
Баж еткен дауысымыз тоқтау болды,  
Апам мен екеуміздің ара тұрып.

— Ағатай, етке бола елді шаппа,  
Ерлікке ерік беріп жазым таппа.  
Қорыма ит жейтін бір өлексені,  
Болғаны аман болсаң біздің бакқа.

Жиылған елдің жақсы адамдары,  
Жабылып жұмысың не ағамдағы?!  
«Құміс пе күн бетінде жылтыраған?»  
Жарлының жанын баққан адал малы.

— Ағатай, «шашпа топырак — деген,— көпке»,  
Шешілер өз жайымен бар болса өкпе.  
Азығын қарт анамның алмаңыздар,  
Біздің күн көргеніміз елге көп пе.

Арыны әлсіреген Арнай болыс,  
Бергендей тілге көніп, сөзге қоныс.  
«Шешуге дау аяғын ертіп жүр!»— деп,  
Айдауды Жайсанбекті көрді жөн іс.

Астыртын адамдардан хабар беріп,  
Ізінен Жайсанбектің қылмыс теріп.

Арнайдың ақылымен шақыртылған,  
Дау күткен Тұрысбек те отыр келіп.

— Қажыеке, қапа болып ғазиз басым,—  
Дейді Арнай,— бойға сіңбейді ішкен асым.  
Алдында бір ұятқа душар қылты,  
Мал ұрлап мынау менің жақындастым.

Ағайын құдай сүйіп, қыдыр қонған,  
Болғаннан сізбен қыңыр кім бар оңған?!  
Ұрысты Мама — әкемнің ұрпағынан,  
Ішінде жалпақ қазақ кім бар озған?!

Болғанмен жері-суым өз алдында,  
Арыма ағайындық ой салдым да.  
Ұрымды өзім барып алып келдім,  
Айыбын әперуге көз алдында.

Тұрысбек маңызданып қарқ-қарқ күліп,  
«Кім өзі салып жүрген елге бүлік?!  
Қасқыр да қас қылмайды малымызға,  
Матайдың үш баласы түгел тұрып».

Жайсанбек қусырулы екі колы,  
Кеудесі керіскедей кекке толы.  
Бас иген сәлемін де қажы алған жоқ,  
Көкиіл көрмегендей болып оны.

«Жә!»— деді сақал сипап қажы бір кез,  
Дегендей өз ойымды ішіңмен сез!  
— Артын айт, шаруаның, Арнай мырза,  
Бұйымтай бізге келген шешілсін тез.

— Отырмын,— дейді Арнай,— мен де кам ғып,  
Әнеки мал ұрлаушы қолын қан ғып.

Астында аты, инінде шапаны жок,  
Ку кедей із-тозы жок жүрген қаңғып.

Айыпқа ат орнына тіксін басын,  
Өтесін сөйтіп ішкен арам асын.  
Жабатын бұл жарлының шапаны жок,  
Бермесе күңшілікке қарындасын,—

Дегенде қалт түсіп бір қажы есіне,  
Карады Жайсаңбекке ол тесіле.  
— Құтқарса Жиенқұлдың қиқағынан,  
Емес пе татығаны бір бестіге!

Бұлар сөз берер емес Жайсаңбекке,  
Келтіріп жатыр бәрін өздері епке.  
Қарсылық бір-екі ауыз пікір айтты,  
Жайсаңбек отыра алмай тектен-текке.

— Мен малын қажы аулының ұрлағам жок,  
Қалайша бұйырдыңдар арам ниетке?  
Малының терісін кім танып отыр,  
Сөйлессін әкеліндер бетпе-бетке.

«Айып» деп күңшілікке бере салар,  
Шығарған адамым жок әзір щетке.  
Мұлқіндей қолыңдағы саудалайсың,  
Абайлап, Арнай, сен де сөзінді епте!

Маманның маңын басып мал алғам жок,  
Кажыеке, акты айнытып, қате кетпе.  
Ақырып Арнай деді:— Ей, Жайсаңбек!  
Көкисің қалай сөйлеп, миымды жеп.  
Мамаекең дәuletінің аздығынан,  
Отыр ма қажы келіп, пәле іздең?!

Қажы да қабақ түйген, қашқан сұры,  
Қалжақтап, нені айтасың деді — ұры!  
Ар көріп отырсың ба, акымағым,  
Болғанға құтты аулымның кара құлы.

Көнбесе билігіне — көрсін біраз,  
Айдатып жібер бізге! — деді мұны.  
— Құп болад,— деді оған — Арнай болыс,  
Асауға лайықты тегі сол іс.  
Сонымен Жайсанбекті абақтыға,  
Апарып, қараңғы үйден берді қоныс.

### 3. КОРЛЫҚ

Баяғы бекеттегі қараша үй,  
Көмілген қар астына аласа үй.  
Кеткелі Жайсанбекті Арнай айдал,  
Тартуда жылауменен жаңаша күй.

Сахари отар кеткен жылқышы бол,  
Қыс бойы бір айналып келе алған жок.  
«Бір бала, бір кемпірді асырап!» деп,  
Санайтын Жайсанбекті көңіліне ток.

Басқадай жақын да жок жаны күйер,  
Жас бала, жаман кемпір басын сүйер.  
«Жетім ғой, жесір ғой» деп мұсіркеген,  
Жәрдемші болды жалғыз көрші үйлер.

Құн өтті, айлар өтті, уақыт озды,  
Хал кетті, ас таусылды, киім тозды.  
Қамалған жетім, жесір қараша үйге,  
Қайтадан қайыршылық қолын созды.

Кыс қатты, жұт болатын белгісі бар,  
Сірекен беті мұздақ — тізеден қар,  
Ауылында Тұрысбектің тыныштық жок,  
АЗАЙЫП қала ма деп мындаған мал.

Шөп тартса, күрек ашса, отар барса,  
Бұларға жұмыс қолы керек қанша?  
Маманың балалары осыны ойлап,  
Шығады көзін ілмей таң атқанша.

Тұрысбек болғанымен қанша үстем,  
Осылай Жиенқұлға ісі түскен.  
Ешқашан қол жазғысы келмейді бір  
Топ құрап мал коритын даяр күштен.

Тілегі, талабы бар олардың да,  
Деседі: «сәті осылай оралды ма!»  
Қажының көңлін аулап, ойын тауып,  
Жасамақ өзінше бір той аулында.

Бұл кезде Тұрысбек те бәрін ойлап,  
Серпілді көзінде арам ұшқын ойнап.  
Жағдайы Жайсанбектің еске түсіп,  
Болды оған табанасты бір шарт қоймак.

Шақыртып Жиенқұлды өз үйіне,  
Сөйледі содан кейін сәл иіле:  
«Саған бір қалындыққа қыз айттырдым»,  
Деді де тоқтады істің жәй-күйіне.

— Камаудан Жайсанбекті шығарып ал,  
Айттырып қарындасын құдалық сал.  
Және де өзің әбден ойлана кел,  
Бермекшісің қаншама қалыңға мал.

Жүргі Жиенқұлдың мұздап қалған,  
Секілді үміттен бір жылу алған.  
Үй болып, өз алдына бала сүйіп,  
Қайырылып қарағандай дүние-жалған.

Әлгі сөз алды да бар есіл-дертті,  
Айрылып ақыл-ойдан есі кетті.  
«Қажеке, қайда айдасаң біз даяр!»— деп  
Жиенқұл Тұрысбекке берді сертті.

Сұраусыз Жайсаңбек те жатқан сұлық,  
Босанды қамау үйден келіп бүйрық.  
«Қажы өзі құда болам депті!»— дейді,  
Белгісіз: не жақсылық, не бір құлық.

Білмейді не істерін, Жайсаңбек таң,  
Істепті құдалыққа қажы өзі қам.  
Тіл алмай, тағы тентек атандырса ел,  
Кол ұшын беретүғын табылmas жан.

«Жер қайсы!?»— тағы бір іс бастағанмен,  
Сиятын жаман кемпір, жас баламен!  
Құрығы құдайға да жеткен қажы,  
Жәбірлер тағы қандай масқарамен.

Куат бар қайда қашып құтылатын,  
Не деймін көрінгенге тұтылатын.  
Қажының тілін алмай қарайтыпты,  
Десе жұрт тағы мен ғой ұтылатын.

Салмақтап өз басының жай-жағдайын  
Жайсаңбек ой түбіне барған сайын.  
Мойындар карсыласар халі жоғын,  
Көнетін құдалыққа айтты ыңғайын.

\* \* \*

“Абдыра, Ақсу беті қатқан көк мұз,  
Ақ боран аяқ алсаң жабатын із.  
Жалбырап желге етегім жар басында,  
Келемің су көтеріп мен сорлы қыз.

Жанымнан жанап өтті екі атты адам,  
Біреуі жерден тоқтап төрт-бес қадам,  
Асыға аттан түсіп, мені құшып,  
Қуанып сүйіп жатыр,— деп,— Саражан.

“ Әрі ағам, әрі әкем — ол Жайсаңбек,  
Қамаудан шыққаны осы көргені көп.  
Жиенқұл қасындағы кейін білдім,  
Келіпті құда түсіп кетейін деп.

— Қайттың ба, ағатайым, аман-есен,  
Жан көкем, сен екенсің,— «бұл кім» десем.  
Сен үшін жаратқанға жалбарынып,  
Зар қақтық далада мен, үйде шешем.

“Ол күнде жас екенмін әлі бала,  
Толмаған кулық-сұмдық, ақыл-сана.  
Аға деп Жиенқұлға құлдық еттім,  
Бұл күнде маңын баспай жүрген Сара.

...От жағып, зыр жүгіріп, шайын құйып,  
Бір мезгіл құлак тігіп, сөзге үйып.  
Жарқ етіп жайы келсе жауап қатам,  
Жайдары міnezіммен, емес түйік.

Жиенқұл — жантак жамбас, шолақ аяқ,  
Жантайған жағына он қолын таяп.  
Қадайды қысық көзін маған ұдай,  
Күнде ойнап жүрген ашына құрбымдай-ақ.

Бір мезгіл құжырайтып құныс белін,  
Жия алмай, сілекейлі дүrbік ернін.  
Кызығып қыз құшардай қиялына,  
Шайнауды ұмытады шайдың жемін.

Қарт анам — көкірек ауру, құрк-құрк еткен,  
Өз-өзін шымшылайды екі беттен.  
Айтарға амалы жоқ, ернін тістеп,  
Дер едік,— сорақылық мынау неткен!

Таң да атты. Жиенқұлдар атқа мініп,  
Қажының ауылына кетті жүріп.  
Қасына Жайсаңбек те қоса ілесті,  
Қайтпак па, әлде қалың жайын біліп.

Жайсаңбек сол кеткеннен қайтпады тез,  
Қажының қалауына болды да кез.  
Отарға жылқы айдастып кете барды,  
Кедейде керқайзаңдық жоқ кой мінез.

Құркілдеп көнде жатқан сорлы ана,  
Шақырып, деді маған:— Ботам Сара!  
Қайтейін, қозықаным, бақытты бол,  
Куанар ештеңе жоқ жүрек жана!

— Апатай, жайын айтшы, болды қалай?  
Біреуге болмақшы ма Жайсаң малай!?  
Әйтпесе, тұндегі бір сұмырай адам,  
Сұқтанып отыр еді көзін қадай...

— Я, қарғам, тұндегі сол қисық көзді,  
Айтып ед бытыстырып бірер сөзді.  
Болыпты сені соған атастырмак,  
Келісіп қажы аулында өзді-өзі.

Баж етіп, көн үстінен тұстім атып,  
Қос қолдап бетті басып қалдым жатып.  
«Құдай-ау, менен сорлы жан бар ма?!» деп,  
Налыдым қабырғама қайғым батып.

«Құдай-ау, әкемді алдың туда сала,  
Атантың «жесір кемпір, жетім бала».  
Тезегін теріп елдің, отын жақтым,  
Жоқ болып босағамда жалғыз қара.

Ұмтылып істегенмен қанша талап,  
Колдайтын бір адам жоқ жақын санап.  
Дүниенің барлық қайғы-қасіреті  
Тұрған ба түгел күтіп, маған қарап?!

Апатай, осы ма еді қорлық деген?  
Корлыққа көндіретін зорлық деген?  
Жан шошыр — аксак, соқыр бір есектің,  
Корланып, қосағында болдық деген.

Беріп пе ең ақ сүтінді анам қарғап?  
Тауып па ең дүниеге осыны арнап?»—  
Деп жылап, ашы үнімді ағыттым мен,  
Анамның құлағын жеп, күн-тұн сарнап.

Карт анам қолмен сұртіп көздің жасын,  
Тіземде жылап жатты қойып басын.  
«Жылама, сабырлық ет,— деді ол сосын,—  
Тағдырға жазса осылай, не қыласың?!

Кетесің жылай берсең қор бол жасып,  
Корлықтан құтылмайсың бұлай қашып.  
Онан да азат болар жолыңды ізде,  
Ақылың мен қайратың судай тасып».

Анамның бұл ақылы ішке қонып,  
Әр сөзін ұшқыр қиял отыр жорып.  
Көз жасы емес, іспенен бақыт табу —  
Көңіліме үялады мақсат болып.

#### 4. БЕКІНДІМ

Уда-шу шақырысқан таңғы тауық,  
Көп болды тұн ортасы кеткелі ауып.  
Құсембай, Павел қартпен үшеуіміз,  
Сырластық тұні бойы есік жауып.

...Тұн бойы Павел аға берген ақыл,  
Барады бойға сіңіп тақыл-тақыл.  
Өмірдің үміт күнін елестетіп,  
Жас жанды үмтылтқандай апыл-тапыл.

Соңында: «енді өздерің ақылдас» деп,  
Қарт кетті бөлмесіне үйқысы кеп.  
Оңаша отырысып қалдық бірге,  
Талпына таңды күткен екі жүрек.

Үнсізбіз екеуміз де, байланған тіл,  
«Мен сендей дегендей-ақ,— енді өзің біл!»  
Көніл мас, тілге артық сөз оралмай,  
Шерткендей үнсіз тілмен жүректер сыр.

Жабырқап қалған көніл жалын шалып,  
Тұрмыстың тұрткісінен тотық алыш.  
Жайдары сабасына келгендей бол  
Жылылық тұла бойға жатыр дарып.

Айнымас айтылды ант, берілді серт!  
Ыдырап кеткендей бар кеудеден дерт!

«Сақталсын құпиямыз сырт көздерден,  
Әйтпесе боп қалармыз дүшпаннан мерт!»

— Саражан, енді осыған белді бекіт,  
Қосылсақ тірі жүріп сертке жетіп.  
Татымай бір күнгіге ұмытылар,  
Бұл күнгі тұрмыстағы кем мен кетік.

Жан қалқам,  
жасымасқа белді байла,  
Айтарсың ағайынға ақыл-айла.  
Бірер жыл хат қарасын таныған соң,  
Жүрмеспін мен де бекер бұл маңайда!

— Бекіндім,  
жолың болсын, Қүсен жаным,  
Болашақ сен деп күтем атар таңым.  
Қактыққан қаракүсқа ілдірмеудің,  
Қамдарсың қайда жүрсөң, қалқам қамын.

Осындаі сертке келіп қос жарлы жас,  
Құреспен болашакта қосуға бас,  
Кол беріп, қош айтқанда Павел аға:  
«Жүрейік,— деді,— Коля, қақпаны аш!»

Көк арба ямщик жеккен тауды беттеп,  
Аксудан малышп өтіп барады ептеп.  
Артынан ере тыска шыққан басым,  
Жөнімді ұмытыппын қайтып кетпек.

Жағалай Жаркөз деген жардың басын,  
Сорлыға түсірді алғаш күн шұғыласын.  
Ерте ескен таудың таңғы самалымен  
Желбіреп тұра бердім жібек шашым.

Көрінбей өскен сорлы күйелеш бол,  
Секілді ем көз тартарлық көрігім жоқ,  
Енді мен жар басына жайнай шыққан,  
Нұр шашқан секілдендім гүл қызыл шок.

Сол күні домбырамды тарта бұрап,  
Анамнан алдамалап рұқсат сұрап,  
Бекетте бір кеш бойы өлең айттым,  
Бозбала, қыз-келіншек басын кұрап.

## ЖҮРЕК

Жүректен жанға жылы сөз бар ма елде,  
Жүрексіз тірлік бар ма суда, жерде.  
Қашанда өмір жыры — жүрек сыры  
Біреуін сол жүректің айтам мен де.

Аяулы болғандықтан асыл жүрек,  
Әз орнын кеудеден кең алып бөлек.  
Шаң-қоқыс, тозаң-топырақ кіре алмайтын,  
Күмбезде берік, жылы өмір сүред.

Бәрінде мұндай жүрек жан-жануар,  
Жұрт білед, тулай соғып тұрары бар.  
Жерде де мұндай жүрек бар деп айтсам,  
Көрмеген көп адам-ақ күлед шығар.

Түстіктен орай жатқан Жонғар жоны,  
Қоңырау тау терістікте қорған-қобы.  
Қапалдың жанға жайлыш аясының  
Төрінде жер жүрегі біткен орны.

Не болмақ жер жүрегі жерден бөлек,  
Жүректің бәріне ортақ шерден бөлек.  
Қәдімгі жүрек қандай — ол да сондай,  
Сипаттап айтары жоқ елден бөлек.

Жалғыз тау жазықтағы басы мұнар,  
Талай сыр, қойнын ашсаң асылы бар.  
Көзіңмен көргің келсе жер жүрегін,  
Қапалға келіп қайтуға асығындар.

Осындаій ерек біткен Жүрек тауын,  
Жағалай біткен жасыл алма бауын.

Күн сайын жылы леппен жауып тұрад,  
Кербез шың — «Кер» бұлтынан сепкен жауын.

Күз келіп демін алды сұық леппен,  
Алғашқы ызғарлы шық шымшып беттен.  
Жаз бойы жайнай өскен жасыл гүлдер,  
Құнысып қорыққан жандай дір-дір еткен.

Қайрылмай кетіп барад жайдары жаз,  
Көбі өтті өмірімнің, қалғаны аз.  
Дегендей бүрін бүркей жасыл шешек,  
Жаутаңдап жаныма кел айтады наз:

Тұн іші. Күзетте жок, Сара қайда?  
Еш жерден көрінбейді бұл маңайда.  
Жүректің үстінде ол жүресінен,  
Отырған арыз айтып аспанда айға.

Мұндасып жер мен адам — екі жүрек,  
Сыр тыңдалап бір-біріне құлақ түред.  
Бұлардың қайғысынан қараңғылап,  
Аспанда жұлдыз жымып, ай мұдіред.

Белгілі,— дейді Сара,— менің дертім,  
Ақ жүрек адамым бар берген сертім.  
Душар боп қажы ауылының қақпанында,  
Таба алмай босанудың жүрмін ретін.

Бүгін күн мойыныма түспек тұзак,  
Өмірім өспес болды бұдан ұзак.  
Ақтарып жүрегімді саған қосып,  
Атанып өлсем деймін «Жынды қыз-ак!».

Өзіңдей менде де бар біткен жүрек,  
Жаралы жалындаған жадап-жүдеп.

«Жаманға басыңды жар етпе!»— дейді,  
Асаудай арманымды алға сүреп.

Сенің де қызғалдағың қурап бүгін,  
Жоғалтқан қыстан қорқып қызыл гүлін.  
Кәрідей көрге кіруге әзірленген,  
Күңкілдеп естілмейді күңгірт үнің.

Айтатын ақылың бар ма, кәрі жүрек?  
Дертіме бермейсің бе дәрі, жүрек.  
Жер болып қалуыңың жәйі қалай?  
Көп ғасыр тұрмақпышың жадап, жүдеп?

“Жүрекпен жүрек сырсы бір емес пе,  
Сыр үрлау бір-бірінен мін емес пе?  
Жөнінді айт, жөнге сілте, өлген жүрек,  
Мендерің тыңдар сені тірі емес пе?

Козғала бұлк-бұлк етіп жер жүрегі,  
Жас қызға жаны аши елжіреді.  
«Жүрегі ем мен де өзіндей бір сұлудың  
Жер болдым, тыңда,— дейді.— енді мені!»

Заманда сонау, сонау өтіп кеткен,  
Бір қыздың Баян деген жүрегі ем мен.  
Арманым өз өмірімде азат жан бол,  
Өтпекші ем өзім сүйген жігітіммен.

Контәжі деген ханның қызы Баян,  
Ару ед аты шықкан әлемге аян.  
Хандығы, әкесінің қыруар малы,  
Аруды шакқан ақыр болды шаян.

Болғанмен алтын, күміс, дүние көп,  
Жыл сайын аза берді Баян жүдеп,

Көрікті дүниеден пайда қанша,  
Жай таппай жана берсе жалғыз жүрек.

Дейтұғын қалмак жігіт Сайын-Бөлек,  
Кедейден кесек туып өсті ерек,  
Баянның бар арманы болды сол жан,  
Айттырып алмағанмен қалың төлеп.

Арманды бір-біріне болды екі жас,  
Бәз-бәзда сәті түсіп қосылса бас,—  
Жастардың елжіреген мейірімінен,  
Еріткен қорғасындай балқитын тас.

Жастардың бір-біріне құмары артып,  
Тұтанды ғашық оты жалын шарпып.  
Сайынға қызын бермей, көшемін дел,  
Бір күні хан бұзылды жүгін артып.

Ханың бір батыры еді қалмак Сайын,  
Қашанда қажетіне тұрған дайын.  
Елінің арқа сүйер ері сол еді,  
Өзгелер қалмак жерін шапкан сайын.

Айбы жалғыз еді, кедей еді,  
Еңреген ер ішінде егей еді.  
Атса оқ, шапса қылыш өтпес күшін  
Қоңтәжі қоңыр қойға теңемеді.

«Қызымды жан алмайды ханнан басқа!  
Қалыңға берген қазына, малдан басқа.  
Ендеше атсыз, затсыз кедейлерге,  
Тиісті Баян қызым алданбасқа!»

Қоңтәжі сол кеткеннен «Кораны» асып,  
Өрмелеп тау басына кетті қашық.

Жоңғардың мәңгі қарлы жотасына,  
Шығарды қашырға артып, жүгін тасып.

Көшірмек болғанында қызын зорлап,  
Козғалмай Баян көрін қаздырды орлап.  
Жары үшін — Бөлек үшін жан тапсырып,  
Калды ол ақ жүректің сертін қорғап.

Осыдан тұстік жерде Бөлек өлген,  
Оны да тау басына бөлек көмген.  
Екі тау: Сайынбөлек, Баянжүрек,  
Өзгеден сондықтан да еректенген.

Ару қыз ақ жүргегін қорғап өлген,  
Өзінің жүргегін де жерге көмген:  
«Жан сүйген Сайын-Бөлек жар қабірін,  
Көріп тұр мәңгі бақи,— деген,— көзбен!»

Қыз өлді, жүрегі оның жерге айналды,  
Арманы таудай тола шерге айналды.  
Күйіктен қайнап шыққан ыстық жасы,  
Толтырған «Жүрек» астын селге айналды.

«Жер болып сол жүректің сырты қатқан,  
Сақталып түскен жалын махаббаттан.  
Қазіргі «Арасандағы» ыстық бұлак,  
Жас еді сол жалыннан қайнап аққан.

Баянның сол жүрегі болып бір тау,  
Жоңғардың саласынан тұрады оқшау.  
Қасында Сайынбөлек шоқысы бар,  
Әлікүн қарауылдан тұрғандай жау.

Корадан мойын созып Қонтәжі тұр,  
Ызғарлы тілсіз, мылқау ақ шоқы құр.

Баянды көктей солған бір көре алмай,  
Зарланад, деп: «Балам, бір мойныңды бүр!»

Осылай сырын айтып «Баян-жүрек»,  
Кеудесін бір күрсінді кере уәлеп.  
Кеше мен, ал бүгін сен, дертіміз тең,  
Ғасырлар ашылмайтын неткен түнек!

Бәрі бір: қалмақ па, әлде, ұлты қазақ  
Осылай қыздарының көргені азап.  
Қосылмай жүрек сүйген жігітіне,  
Өтеді махаббаты болып мазақ.

Сара қыз, еліктеме Баянға сен,  
Шыдай түр бұл өмірден қаяу көрсөң.  
Өзгеріс ел салтында болмай қалмас,  
Өлме әзір, қорға өзінді, аялда сен!

Саңқ еткен таудың үні осылай деп,  
Сабыр бол жүрегіме үйиды кеп.  
Мен сергіп орыннын тұра келдім,  
Жүректен өз өміріме алғандай леп.

Тұн жармы, ел үйқыда, ауыл жым-жырт,  
Маужырап жусаған мал күйсеп бырт-бырт,  
Өзгенің бәрі үйінде, өз орында,  
Бұл рахат тыныштықтан тек Сара сырт...

## АШЫНДЫМ

Ашулы, арманы арта түскен Сара,  
Ой — улы, қиял — қышқыл, жүрек жара.  
Аттаным ашындым да, белді байлап,  
Болудың мағынасы жоқ енді бала.

Аралап өмір сырын ойым сергек,  
Сарап алды-артымды, ақыл тербеп.  
Арман мен ақ сырымды өлең қылып,  
Ән салу домбырамен болды ермек.

Аңырап ақ домбыра боз інгендей,  
Наз-мұным қос шектен шығады еңірей.  
Той, жиын, шілдехана болса қайда,  
Сайрайтын болдым енді даусым сембей.

Қызымын Тастанбектің атым Сара,  
Жасымнан жылап өскен мен бір бала.  
Он үште өміріме ор қазылып,  
Жүрекке өшпестей боп түсті жара.

Жетпеген балапандай темір қанат,  
Жан едім жасы балғын, жаңа талап.  
Арман боп ақ жүрекке кадалды оқ,  
Қандайлық атты екен жау сығалап.

Көз жетпейд ой түбіне, білімім аз,  
Ағайын, аясандар дертімді жаз.  
Білетін дүниә сырын апа-женгем,  
Алдында ақ жүректен айтамын наз.

Куансам ән салар ем саңқылдатып,  
Азынаған ақ домбыраны аңқылдатып.

Айрылған балапаннан қоңыр қаздай,  
Коймаса қарт анамды қаңқылдатып.

Дүниеге неге туып, неге келдік,  
Көретін болсақ өңкей корлық, кемдік,  
Жетімдік, жеткіліксіз шерлі өмірдің  
Дүниеде болған ба тек бәрі мендік.

Бұғаудан босанудың кілтін таппай,  
Іздеймін, халқым,  
сенен тұрмай, жатпай.

Көрінбей көп ішінде кетсем деймін,  
Жайыннан жаңы қалған ақ шабактай.  
Айтамын күнде еліме арыз-арман.  
Әркім-ақ қамығады құлақ салған,  
Кемсендеп кемпір жылап,  
қатындардың

Арманы «аһлаған», жүрек жарған.

Болғанмен малды,  
жанды кейбір ана,  
Көңілінде көбінің-ақ болған жара.  
Әйелдер тағдырының бәрі де үқсас,  
Зарлаған,— деп ойласам,— жалғыз Сара.

Қамығып,— дейді көбі,— күшінді алма,  
Ашылып, ойнай-куліп көңілінді алда.  
Өзіңдей он үшімде өңменді үзіп,  
Мені де берген,— дейді,— жұртым шалға.  
Жыладым, жалбарындым,  
амалым жок,  
Сатылып кете барым алған малға.  
Қылғынта көгендеген ақ тұсактай,  
Қалыңнан қызы құтылып қалған бар ма?

Өмірін өрістепей өре салып,  
Тұқыртқан түрмис талай бағландар да.  
Әйелге бұл заманда атқан таң жок,  
Не өнеді айтып бәрін зарланғанда?

Мұны айтып апаларым кеңкілдесіп,  
Еске алып, ескі арманын еңкілдесіп.  
Жаны ашып, жұбатады мен сорлыны,  
«Қайтейік, әйел солай еншің» десіп.

## АРСАЛАҢ АЛДЫНДА

Қызымын Тастанбектің атым Сара,  
Арман көп, айта берсем, көңлім нала.  
Қорғалар көп ішінен бұта таппай,  
Шырылдар бозторғайдай мен бір бала.

Еніреттің ерте бастан, туған елім,  
Кір жуып, кіндігімді буған менің.  
Кең жатқан Садыр, Матай елдерінен,  
Бір теңім болмады ма ұлдан менің.

Жеткізіп сабырлықпен ұстап бақпай  
Бәйгеде топқа қосып, тұмар тақпай.  
Желкемді көктейінен қидыңдар да,  
Бөріге байлап бердің жетім лактай.

Несіне жасырамын, елім, сенен,  
Еріксіз бір жетіммін дертім терең.  
Адамдай құтыла алмас, қорлық беріп,  
Көрдіңдер қанша жазық, жапа менен.

Немді айтам, басымдағы мұңымды айтпай,  
Сатылған бір жемтікке құнымды айтпай.  
Қаны бір қарындаспын, Арнай аға,  
Қарқ қылып қажы берген пұлынды айтпай.

Елімнің би де бар Телібайдай,  
Бергеннің біреуі сол мені байлай.  
Бәрі де қажы аулының қамын істеп,  
Жабысад терідегі шелі майдай.

Елімде батыр да бар Мұсәпірдей,  
Жүрген жоқ жағдайымды көрмей, білмей,

Алдында Тұрысбектің құрдай болып,  
Жорғалайд жақсылардың бәрі бірдей.

Мұңымды әнмен айтам жылай алмай,  
Қайғыға жастай көрген шыдай алмай.  
Өшетін көрінбейді қасірет оты,  
Коржиган Жиенқұлды құдай алмай.

Бүйтермем болсам егер баласы бай,  
Тұрса егер әкем тірі, төрт жағым сай.  
Бұландалап асау кердей жүрген басым,  
Тоқтыдай борышқа кеттім, уа дариғай!

Мұсәпір күнде алатын елден шауып,  
Мен үшін бере алмай ма бір ат тауып!?  
Неткенің осыншама, Арнай ағай,  
Қоя алмай бір тентектің ісін жауып.

Секілді айтпасам дерт арылмайтын,  
Жүрек мұз, жаудан қорқып жарылмайтын.  
Ағайын Жайсанбекке жаны ашыса,  
Жөн бар ма ед бір тайынша табылмайтын.

Таусылмас сөйлей берсем айтар сөзім,  
Сүйенген қызыл тілге шын сорлы өзім.  
Шырылдалап шынжырлаған жас күшіктей,  
Төрт болар құлға<sup>1</sup> барсам екі көзім.

Өлшеу жок қиялымның өрісіне,  
Шыдаймын, шығармаймын көбісіне.  
Айттырған күйеуіңіз, Арнай аға-ау,  
Сыйғандай бір тоқтының терісіне.

<sup>1</sup> Құлға – Жиенқұл дегенді айтып отырғаны.

Сөйлетті елім мені ұлға балап,  
Сатпаймын әнімді мен бұлдамалап.  
Мұнымды сендерге айтпай, кімге айтайын,  
Коржіған өл демесең Құлға қарап.

«Ақ бата», «Ақ қой қаны» деген атак,  
Әрқашан көлдененде алда жатад.  
Дегенде-ақ: «Құдай», «Құран» құл боласың,  
Қайсыңың бұл қамалға қолың батад?!

Қор болып дінге уланған ел жүрегі,  
«Бұйрыққа ыла� бар ма» деп жүреді.  
Көзсіз ел көргенсізге жем болғанша,  
Суға ағып бір күн өлгім кеп жүреді...

## ОРТАҚ МҰҢ

Ортақ мұң әркімнің-ақ ойын тербел,  
Азаттық жыры айтылса-ақ арман кернеп.  
Намысы әр әйелдің түрткілейді,  
«Сараны сайратуға жәрдем бер» деп.

Біреуі ақық моншак, бірі тана,  
Алып кел: «омырауыңа — дейді,— қада».  
Шеріктеп, кездеп шығып шәйі көйлек,  
Табылды қамзол тігер Қатипа да.

«Құралмақ көп түкірсе — көл» дегендей,  
«Жармысын бүтініңің бөл» дегендей.  
Біреуге біреу осылай пейіл тауып,  
Азаттық жыр тыңдауға шөлдегендей.

Аз күнде-ақ «қыз» атандым бойым сылап,  
Оқалы қамзол киіп, белді қынап,  
Шоқпардай үкі таққан кәмшат бөрік,  
Ақша жүз ажарыма тұрды үнап.

Көтерген көп көмегі бір баланы,  
Көрікті киімдерге жырғалады.  
«Базарлық», «орамалым» деген атпен,  
Сақина, болды күміс сырға-дағы.

Кешегі күл-көмеште өскен басым,  
Толықсып, толған айдай ырғалады.  
Ары өтіп, бері өткені «сыйлық» тастап,  
Көбейді қызға «ұнамақ» мырза-дағы.  
Көркейіп, сырт пішінім өзгергенмен  
Кетпейді жүректегі ызғар әлі.

## АҚҚУ

Кымбатты апа, женгем, құрбы-құрдас,  
Қайғыма қатар ортақ мұңы мұңдас.  
Ғажайып түсімде мен бір іс көрдім,  
Көп болып бұл түсімнің жоруын аш.

Білмедім ауыскан ба ай менен күн,  
Болмаса өзгерген бе дүние бүтін.  
Түсімде батыс жактан таң сіберлеп,  
Шығысты басып тұрды бір көк тұтін.

Адасып орынынан аспанда ай,  
Көміліп көк тұтінге тұр табылмай.  
Күн батқан үясынан кері шығып,  
Аспанға сәуле шашты бұрынғыдай.

Айдын көл — күн шағылысқан алдым ашық,  
Көзімше көбеюде тасқын тасып.  
Сол көлдің ортасында бір акку құс,  
Корғанып дүшпанынан қонды қашып.

Шүйіліп аспандағы бір қара құс,  
Аққуға алдындағы көрсетті сұс,  
Көл толқып көбігімен көлегейлеп,  
Тудырды карақұска қын жұмыс.

Ойладым: көл дария — халқым, елім,  
Өсетін ортасында қалқып менің.  
Сенемін қара ізіме түскен жауға,  
Мені де жегізбес деп халқым тегін.

Акқудай бұдан былай канат сермелеп,  
Ағытсам асыл сөздер қиял тербел.  
Бостандық бір басыма тумас па екен,  
Болатын еркін жүріп, еліме ермек.

Замандас — мұны бірге апа, жеңгем,  
Бір жаңға көп көмегі тимес пе екен!  
Жинаңдар үкі, тана, киім маған,  
Аттанып ел ішіне шығайын мен.

Қоңыр күй қобызындай Молықбайдын,  
Үкісін домбыраның толықтайын.  
Айтайын елге шынын, әйел мұнын,  
Сайрайын сансыз топта, корықпайын.

Түсіндім: бар тағдырым көплеп бірге,  
Максатқа жете алмаймыз қоспай ірге.  
Зар-мұнды жұрт алдына жеткізейін,  
Жалынып ең болмаса қызыл тілге!

## ҚАРЛЫҒАШ

Толғанып терең ойға баттым, ағай,  
Бір таңға көз іле алмай жаттым, ағай.  
Жайдары жүрегіме от бол тұсті,  
Әр сөзі сіздің жазған хаттың, ағай.

Сөзім жоқ жалғыз ауыз қарсы қояр,  
Әр сөзің ем секілді-ақ дертті жояр.  
Корғаған бұтағыңмен бәйтерек ең,  
Қай жағынан болса да көңілім тояр.

Таба алмас қазақ қызы сіздей аға,  
Етегін жел жаққа ұстап болған пана.  
Ақ жүрек, адал ниет, асыл сөзді,  
Тең тұтқан ғылым, білім артық баға.

Артық деп айта алмаймын сізден басым,  
Қыз алып, қызық көрер қамал жасын.  
Сырымның бір түйінін түйіп салдым,  
Шешсін деп өзі аңғарып мағынасын.

Гүл еккен қаратасқа бір қарлығаш,  
Мәпелеп өсірем деп шыбықты жас.  
Тамырын балшық тасып орнықтырып,  
Корекке тасушы еді аузымен ас.  
Шырылдаپ қос қанатын көленкे ғып,  
Корғайтын гүл тамырын қызғанда тас.  
Қандырмай гүл сусынын қоймаушы еді,  
Тамшы ғып ағызса да көзінен жас.

Қарлығаш қанатымен су себелеп,  
Өскен гүл болып шықты елден ерек.  
Сол шыбық мәуелі ағаш болған шақта,  
Көбіне-ақ жан-жануар болды керек.

Күрт мұжып, гүлін сормақ көп көбелек,  
Шынараға жабылғанда өскен бөлек.  
Мейрімді бір қыранның көзі түсті,  
Ерте ұшып қалықтаған тау көбелеп.

Шынардың басында еді құзғын қарға,  
Қожандап сұс көрсеткен басқаларға.  
Тырнағын батырып ол гүл бүріне,  
Шайқалтып жас шынарды салған зарға.

Қыран құс қиялап кеп шыңдан ұшқан,  
Қанатын қағып өтті қарға түстан.  
Сол құстың қанатынан соққан желден,  
Шынардан құрт, көбелек, қарға да ұшқан.

Баяғы бейнет көрген жас қарлығаш,  
Гүл егіп тырнағымен қашаған тас.  
Қыранға мың бір раҳмет алғыс айтты,  
Жүректе қуанышы, көзінде жас.

Ойлады ол өзімдік деп енді шынар,  
Кетті деп құрт, көбелек гүлге құмар.  
Шынараға енді өзі ұя салып,  
Емген ед еңбек жемісін көңіл тынар...

Батырдай қорғау үшін туған елін,  
Сата ма қанатының қыран желін.  
Мен бір жан қарлығаштың қамын күткен,  
Ағатай, әділдеп шеш осы жерін.

## ТОРЫҒАМ

...Кысылма, қызым!— дейтін Павел ата,<sup>1</sup>  
Болды ма айтатұғын сөзі қата?  
Жақындаپ Жиенқұлдың қыл шылбыры,  
Барады буындырып жанға бата.

Қайда өзі, азаттығы «ішкі жақтың?»  
«Арманы болмақ»,— деген ісі актың.  
Айтқалы Павел ата үміт күтіп,  
Кажымай жылға тарта шыдап бақтым.

Қай жакта, Омбы деген қандай қала?  
Көз жетер төңірегім мидай дала.  
Күсембай қарт Павелмен қатар барып,  
Омбыдан үйренбекші қандай сана?

Жұмбағын Павел қарттың жете білмей,  
Ойланам оңашада көзімді ілмей.  
«Түбінде жетім-жесір жеңеді»,— деген,  
Сөздері таңдандырад ішке кірмей.

Айтса рас, болса-дағы қай халықта,  
Секілді кедей күйі бір қалыпта.  
«Бірлесіп барлық үлттар жеңіс табад!»  
Деген сөз ұға алмаймын, шын анық па?

Шынында орыстан көп халық бар ма,  
Көп жерден шықпай ма көп зарыққанда!  
Бостандық туын солар көтермекші,  
Шынымен сенер болсақ Павел шалға.

<sup>1</sup> Павел ата — Сібірден көшіп келіп. Абдыра бекетінде көшір болған, атшы Күсембайдың досы, көзі каракты адам.

Қарт айтқан: «Батыс жақтан ататын таң»,  
«Әлемге орнап келмек әділдік заң».  
Қөзіме еш белгісі көрінбейді,  
Ол үшін ел ішінде істелген қам.

Тосуши ем жақсылықты шын қуанып,  
Қарт айтқан жұбанарлық сөзге уанып,  
Қөніліме ешбір медеу көрінбейді,  
Айналам қалыбында түр қуарып.

Төңірегім үнсіз, тілсіз меңіреу дала,  
Ыстық жел өрт жүргендей бетті шала.  
Өзгенің өзегінде сілкіну жок,  
Қарт сыры мәлім бе тек маған ғана.

Ақылсыз ағайындар, елім-мешеу,  
Селт етпес күнде күйіп жатсың нешеу.  
Бүгінгі жіберілген қателікке  
Демейді түзетуге ертең кеш-ау.

Қарт Павел Күсембаймен басын қосып,  
Жүр ме еken бостандықтың жолын тосып.  
Келуі солардың кеш бола ма деп,  
Корқамын Жиенқұлдан жаным шошып.

Адам жок ағайыннан ақылдасар,  
Жерім жок жаудан басымды алып қашар.  
Ертең күн екі адам кеп дұзак салса,  
Істермін қанша қайрат мен бір нашар.

Сарғайдым, сағынып көп, Күсембайым,  
Қинады қындалып менің жайым.  
Жарамның дертін жазар сен деуші едім,  
Көлеңкең көкейіме түскен сайын.

Қайтейін қазір жоқсың сен де мұнда,  
Қалмады қақсай-қақсай менде құн да.  
«Тағдырдың бүйрығынан» бұлтара алмай,  
Кұн жетті таба болар Жиенқұлға.

Осылай күніренемін есіз үйде,  
Бұраймын домбырамды мұнды қүйге.  
Кеудемді тыныс кере үйлесем,  
Омыраудан үзіледі таққан түймө.

Жайдары күлкі менен жайсаң ән жок,  
Қырынған қыз мінезбен бойда сән жок.  
Салбырап сары уайымға тұстім міне,  
Сөйлесем сықылданып сөзде мән жок...

## ШЫМЫЛДЫҚ

Көк жайлау, көтеріңкі ел, көнілді жаз,  
Мал күйлі, жайылым гүлді, жан-жануар мәз.  
Өрмелей тау бәктерін өскен қайын,  
Бұралып жел қозғаса айтады наз.

Жалтылда жасыл жапырақ күн нұрымен.  
Үргала күле қарайд бір қырымен,  
Бұтаққа-бұтақ тиісп, гүл сүйісп,  
Сырласып әрқайсысы өз сыбдырымен.

Жоңғардың жотасын тең екі жара,  
Талқандай тау қеудесін акқан Кора.  
Жарасып, жасыл жайлау ортасында,  
Арқырайд асау тасқын, күшке тола.

Арудың бұрымындай Бұрқан бұлак  
Басынан кербез Кердің төмен құлап.  
Сұлудың өкше соққан шолпысындай,  
Жайлаудың табанына тіреп тынад.

Болғанмен қанша қатал Қоңтәжі шың,  
Үзғарлы ақшалмалы басы мығым.  
Жайната жасыл кілем жайған жазға,  
Амалсыз бастырғандай екі иығын.

Жайлыш жаз, жасартатын әлем жанын,  
Талқандап тауға салған қыс қамалын.  
Үзғарлы мейрімсіз хан-Қоңтәжінің,  
Жылытып қозғағандай жүрек қанын.

Жылыған жаз нұрына қатігез хан,  
Кеудесін қозғағандай боласың таң.

Көк арша, шар қарағай, аю жұндер,  
Бұл таудың баса шыққан көкірегін пан.

Айрықша біткен мұнда әулие тас,  
Көп адам тілек тілеп, иетін бас.  
Жайнаған жаз нұрына қынасымен,  
Құбылып көрінеді ол-дағы жас.

Жайнаған жан-жағымның бәрі де өмір,  
Кенелген жаз нұрымен бүкіл өңір.  
Әбісіп мал да, құс та, шөп те, гүл де,  
Жадырасып жас жарлардай жарқын көңіл.

Қажы ауылы сол жайлауда көшіп-конып,  
Әркім мәз аяқ қолын еркін созып.  
Қызынған қымыз ішіп бай-манаптар,  
Қыдырып қыз іздейді қырсық қозып.

Қызды да алдыменен мал іздейді,  
Қалыңмал бере алатын хал іздейді.  
Сондықтан бозбалалар былай тұрып,  
Малы көп, байып алған шал іздейді.

«Басы бос» дейді халқым ақын Сара,  
Азаттық алған жылап кеше ғана.  
Көптеген қызқұмарға болдым душар,  
«Сара» деп ынтығатын жүрек жара.

Әуреғып, қалмаған жоқ құрық созып,  
Бәсеке, бақ таластық, намыс қозып.  
Басымды шатыстырды шал-шакпыт та,  
Бірінен аламыз деп, бірі озып.

«Құтылмас көптен қоян» деген мақал,  
Қалжың сөз бірі майда, бірі қатал.

Сөзі өтпей өкінішті бол жүргендер,  
Дейді екен бай таңдағыш «бедеу байтал».

Кылжак сөз тұс-тұсымнан мазамды алып,  
«Әменгер» әлегіне басым қалып.  
Азаттық алдым деген сорлы басым,  
Күніренем тағдырыма күнде налып.

## КОШ БОЛ, ЕЛІМ!

Жүргенде бір шапандық олжа сынды,  
Ел-жұртым көрген еді көз жасымды.  
Қанды көз қарақұстың тырнағынан,  
Босатып зорға алып ем өз басымды.

Сонда бір қызыл гүлім сарғайып ең,  
Жаралы жүрегімнен зар жайып ем.  
Бұтаға қорғалаған бозторғайдай,  
Халқымнан көмек тілеп қол жайып ем.

Ел-жұртым тілегіме құлақ салып,  
Шығып ед жаным күйген өрттен алып.  
Қайықтай дауыл қуған қалтылдасам,  
Сен едің пана болған, қалың халық.

Мен риза, риза шығар жұрт та маған,  
Сезе ме тұшы-ащыны ұрттамаған.  
Ақ жүзім күзгі гүлдей солғын тартты,  
Күн қакқан шүберектей жұртта қалған.

Ел едік Үйсін — Найман аулы аралас,  
Қосылған төскейде мал, төсекте бас.  
Қөптен-ақ өздеріңе мәлім еді,  
Көзімнен жас аққаны қан аралас.

Жалайыр жалпақ жуас берекелі,  
Жасымнан мәлім еді ел екені.  
Арықтап, аңсай іздел келгенімде,  
Ортаңнан қызық көрдім мерекелі.

Бір кезде сайраушы еді тілім бұлбұл,  
Жүйткіген желдей өсіп ойым дүлдүл.

Қанаты қиялымның қайрылса да,  
Баяғы қалпында тұр көңіл құрғыр.

Сәлемде Жалайырдың қариясына,  
Жасы үлкен, ақылдың кен-дариясына.  
Кім білсін көрер қанша жарығым бар,  
Әйтеуір жеттім тірі елге асыға.

Ортанда көп күн болдым Балғалы, Андас,  
Рахымың, құрметіңе иемін бас.  
Дертіме шипа іздел келіп едім,  
Жегі құрт жей берген соң жаныма қас.

Балпық пен Ескелдідей кеменгер де,  
Айтуға сөзге жүйрік терендер де.  
Ақылмен хан, төрені бағындырған  
Қадірлі Қарынбайдай зерендер де.  
Дарынды Дарабоздай бәйбіше өткен,  
Ақылы асып туған ерлерден де.  
Дұшпанның он екіде шебін бұзған,  
Атакты Тәттібайдай мергендер де,  
Солардай ұлдар менен қыз туғызған,  
Кім алғыс айтпас сіздей өнерлі елге!

Сәлем де Мәулімбайдай ақыныңа,  
Жас тұлек Ақшабектей батырыңа.  
Еліне он екі ата Жалайырдың,  
Жұрт сүйген ел басшысы—ата ұлына.

Қырымпоз жігіт екен Қыдыралы,  
Көбірек қызды ауылды қыдырады.  
Түбінде үлкен ақын болар деймін,  
Көрінед басылмаған қызы әлі.

Сөздері салмақты екен қорғасындаи,  
Құр сөзде құн бола ма үн қосылмай!  
Серпінді, зор дауысты әнге шебер,  
Жақсы ақын Қыдыралы — міне осындаи.

Дейді екен жеңгелері Молдабала,  
Қететін сөзге жылжып жорға қара.  
Артына хатқа жазып сөз қалдырса,  
Ұмытпас халқы оны сонда ғана.

Сәлем де Керімқұлдай шешеніңе,  
Шежіре, әрі білгір көсеміңе.  
Аузына орыс, қазак қарап тұрған,  
Кісі екен көрнекті де, көшелі де.  
Аулында, көке, сіздің көп күн болдым,  
Бір күнім татығандай неше күнге.  
Сары қымыз, сансыз болған зор құрметтің,  
Тіпті бір жете алмаймын есебіне,  
Сіздердің сый-сияпат, ықыласыңыз  
Күш беріп, ем болғандай кеселіме.  
Дүние бір ұзак жолдың керуеніндей,  
Тоқтаусыз жүре беред көшеді де.  
Білтелі шамнан нәзік сорлы өмірім,  
Жок болып қалар бір күн өшеді де.

Дүниеге келіп-кетер әркім қонақ,  
Солардың біреуі мен — өмірі шолақ.  
Сырықтан қазық жасап ала алмайтын,  
Ұқыпсыз болмаушы ма ед кейбір олак.

Адаммын мен де сондай ұқыбы жок,  
Құр тілді санап жүрген көңіліне ток.  
Қағазға жалғыз сөзім түспеген сон,  
Ұмытылып қалар Сара құр аныз бол.

Эргендей көмекейім текке гулеп,  
Солды өмір шешек атып бір-ақ гүлдеп.  
Белгілі байлауы жоқ, матауы жоқ,  
Есіл сөз босқа кетті желдей улеп.

Дәм татқан қадірлі елге тартып бүйрық,  
Осы бір он ауыз сөз менен сыйлық.  
Хикая, кітап жазып бере алмадым,  
Әріптей болмаған соң хатқа жүйрік.

Кемді күн қызмет еттім дос-жаранға,  
Өнерім аз болса да мактанарға.  
Мені де баламыз деп еске ал, жұртым,  
Сараның айтары осы аттанарда!

## КӨП СӘЛЕМ ҮБЕКЕМЕ, ДҰҒАЙ-ДҰҒАЙ

Әй, Шәке-ай, қабырғамды кетті-ау тіліп,  
Айтқаны Үбекемнің қадір біліп.  
Қажыған қайғы басып, аға-екеме.  
Тілеймін ұзак жылдар ғұмыр-тірлік.

Мен неге толғанбайын, толғанса ол,  
Ұлына сәлем еттім, кусырып қол.  
Мәйіттен қалайша аяп қалармын мен,  
Халқымның қонак күткіш ықыласын мол!

Санасын Үбырай<sup>1</sup> аға мені өзіндей,  
Баласын күтіп алдым өз көзіндей.  
Мен де ортақ қайғысына, жүрек жалын,  
Әбішке айтқан оның зар сөзіндей.

Қонағым тірісіндей Әбіш бүгін,  
Көтерем артсаңыздар нардың жүгін.  
Тай сойдым құрметіне қысыр емген,  
Бал тамған қазысынан тартса түгін.

Төгілтіл бал-бауырсақ дастарқанға,  
Ақ ниет, адал жүрек тұрмын алда.  
Даярмын шырак қойып күзетуге,  
Әбіштің аруағын ұзак таңға.

Төрімде ол да отырсын сіздердей бол,  
Жайнаған жас өмір алқызыл шоқ.  
Риза бол, ойнап-күліп аттаныңдар,  
Арқаның бағландары — аяулы топ.

<sup>1</sup> Үбырай — Абайдың есімі.

Жасымнан танушы едім жақсы сырын,  
Жақсы үшін құрбандық ед ән мен жырым.  
Ыбырайдың аяулы ұлы қонақ болса,  
Емес пе мен үшін бұл жақсы ырым.

Бұл сенім, мен ғана емес, бүкіл елге,  
Қадірін білмес мұның қандай пенде?!

Күйзелді Найман елі түгел дерсіз,  
Кайғыдан көкірегі толып шерге.

Көп сәлем Үбекеме, дұғай-дұғай,  
Көңілін шат, ғұмырын ұзак қылсын құдай.  
Көп жерге ере шығып қарындасың,  
Кош айтып қалды дерсіз қолын бұлғай...

айтыстар





## **БІРЖАН МЕН САРАНЫң АЙТЫСЫ**

Қызы екен Тастанбектің ақын Сара  
Бәйгеден күнде келген жалғыз қара.  
Қыз да болса адамның жүйрігі екен,  
Көрмәдік сөзді адамда ондай дана.

Қызы екен ақын Сара Тастанбектің,  
Жақыны Маман, Толқын, Есімбектің,  
Сауық қыл Садыр — Матай жиылсып  
Аулына алдыртылты Тұрысбектің.

Аулына Тұрысбектің Сара кепті.  
Өлеңді жүндей сабап дүрілдетті.  
Сол кезде он жетіде ақын Сара  
Жел сөзге адам болмас одан епті.

Сараның атын білер Арғын, Найман,  
Жүйрік шыққан аталық Қаптағайдан.  
Баласы Қожағұлдың сері Біржан  
Сараны іздеп шықты әлдекайдан.

Елі Керей, ұраны Алтай — Қарпық,  
Қызыққа тірлігінде жүрген батып.  
Атасы Алтай — Қарпық, елі Арғын,  
Сауықпен жүрген сері дуылдатып.  
Сараны есітіпті Біржан анық,  
Бұған да жүрген жігіт өнер дарып.

Құдай берген дәuletті аясын ба,  
Шығыпты он бір жігіт жолdas алып.

Серілік құдай салған мұндай өнер,  
Пендеge әр не болса тәңірі берер.  
Мың жарым жылқысы бар атасының,  
Уақыты екен отыз сегіз жасқа келер.

Келеді он бір кісі жолdas алып,  
Дулатып түрлі-түсті әнге салып.  
Ат жіберіп Сараны алдыртармыз  
Аулына Тұрысбектің жетсек барып:

— Сара да болар — дейді — сөзге мығым.  
Айтысып Сараменен қылсақ шығын.  
Найманның асыранды бұлбұл құсы  
Сараның айттырармын барлық шынын.

Баралық Тұрысбектің ордасына,  
Сараның қоямын ба болмасына.  
Он бір кісі жолdasым ертең түсте  
Біржанның қарық боларсың олжасына.

Арғыннан артық болды салған әнім,  
Найманға Арғын тұгіл болым мәлім.  
Ән салып тоқсан екі түрлендіріп,  
Найманның бір жияйын тірі жанын.

Сара да жетік дейді, сөйлер сөзге,  
Найманда аты шыққан осы кезде.  
Аузын қарсы келсе аштырмаспын.  
Адамға мактанар ол менен өзге.  
Бөденедей қырғи алған жұмарлармын  
Құдайым қуат берсе енді бізге.

Әлқисса Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржанмен айтысқанын қыздың өзі аузынан осылай деп бастаң-аяқ баян қылғаны айтысқанның келер жылында.

Сараның сөзі:

Қызы едім Тастанбектің атым Сара,  
Ішінен ер Қаптағай шықтым дара.  
Он үште домбыра алып сөз сөйлеп ем,  
Келемін бір сүрінбей жалғыз қара.

Қолдай көр, ер Қаптағай, ата-бабам,  
Сөзімді тында, құрбым, келсе шамаң.  
Ақсүйек пайғамбардың тұқымы деп,  
Сөзімді естірткелі келдім саған.

Тақсыр-ау, күні құрсын үрғашының,  
Билігі болмайды еken бір басының.  
Тері-терсек берген соң ит те алады  
Бұлындай берекесіз арбашының.

Әкемнің төрт түлігі бәрі де сай,  
Алты ауыл аруакты үш ағам бай.  
Бұландал асау кердей жүрсем-дағы  
Тоқтыдай борышқа кеттім, уа дариға-ай!

Бұйрықсыз нәсіп етпес зарлағанға,  
Тұңғиық сезім терең барлағанға.  
Тақсыр-ау, он жетіге биыл шықтым,  
Сан жүйрік ілесе алмас самғағанда.

Хан, қара шаршы топта сан сөйледім,  
Көз көрмей, бәрі бекер наңбағанға.  
Арсалан, сал Ниязбек іздеп келіп,  
Шошыған жүгірістен танбағанға.

Сөйледім қаз мойынды жарма-жалмен,  
Әкеме ұлдай боп ем біткен малмен.  
Аулында Тұрысбектің сөз сөйлестім  
Баласы Қожағұлдың Біржан салмен.

Үйінде отыр едім Тұрысбектің,  
Бұл үйге құдай айдал дұрыс кеппін.  
Қасында жеті-сегіз жат кісі бар,  
Сөйлес деп даусы шыкты Жұнісбектің.

«Бұл үйде кім бар?»— деді келе сала-ак.  
Отыр ем домбырамды қолыма ала-ак.  
Есімбек, Маман құтым, ер Шерубай,  
Қасына еріп келген өңшең манап.  
Кісі еken отыз екі жолаушымен.  
Ак үйдің жабығынан көрсем санаң.  
«Сүйінші, іздеген қыз осында — деп,  
Біреуін тонап жатыр жаудай талап.  
Сырлаған домбырасын қолына алып  
Ән шырқап қоя берді жұндай сабап.

Тұрды атын ұстап біреу шаужайынан,  
Сөзінің білдім Біржан ыңғайынан.  
Толықсып, төңкеріліп ән шырқап тұр  
Сүйтсе де шошымадым айғайынан.

Сонда Біржанның қызды  
шакырып айтқан сөзі:  
Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,  
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері,  
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,  
Ауылында Тұрысбектің өлер жері!  
Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,  
Арғынның Алтай — Қарпық актан кері,

Барабар сөзі тендес адам болса,  
Көнілімнің тарқаушы еді қайғы-шері,  
Қырандай аспандағы желді күнгі,  
Дауысымның көтерілер шықса тері,  
Суырған жер танабын майталманмын,  
Жасымнан маған мағлұм қыз не дері.  
Алтын менен күмістің нақысындаі,  
Міні жок, бізден шығар сөз бедері.  
Шатыр тік көк майсаға, бір тайды сой,  
Кешікпей шықсын үйден болса өнері.

Ақ иық мұз балақпын жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес,  
Басайын аптығынды, тез шық, Сара,  
Сен түгіл әкендеймен болдым істес.

Бұл үйде Сара бар ма, отыр неғып?  
Карсы үшпай тоты құстай қанат қағып,  
Жел қабыз, жez тағалы еңреумін,  
Кара тер шыққан сайын кетем ағып.

Ғаламға мәшіүр болдым өлең жаттап,  
Қысқартам адымынды бір-ақ аттап...  
Көмейден құйылады қайран сөзім,  
Айғайлап ұран салсам «Қарқабаттап».

### Сараның сөзі:

Көктемде Тұрысбектің ауылында,  
Көруші ем істің жеңіл, ауырын да,  
Біржанның тәңкерілген әніменен,  
Ешкіөлмес ел жиылды бауырында.

Арындал дәуірлейді барған сайын,  
Екпіні соққан желдей, көрдім жайын.

«Шырағым Сара, саған не болды?»— деп,  
Есімбек кіріп келді, ағатайым.

«Шырағым, Арғынға орай бар ғой Найман,  
Бала едің атағынды жұртқа жайған,  
Кең жерде келістіріп душар болмай,  
Қапыда қажы үйінде келді қайдан.

«Тартынба, енді балам,— деді қажы.—  
Адымың аттан артық, шықты тайдан,  
Сөзі бұзық антүрған көрінеді,  
Бар еді бір кісідей өлеңге айлаң.  
Аптыққан қу Арғынды бір дөңгелет,  
Ағаңа осы болсын тиғен пайдаң.  
Өнері ұлдан артық қарағым-ай,  
Тұрайын мен де тілеп бір құдайдан».

Қажының әлгі сөзі болды себеп,  
Қолтықтап көтере көр, аруақ демеп,  
Дулат, Сабыр, Кеншімбай, Сұртай, Жылтыр,  
Жанұзак, қолда!— дедім,— бәрің жебел!

Аспаннан бойға түсті ғайып пірім,  
Даусыма жаңғырығар тұрған жерім.  
Ән шырқап ак ордадан шыға келдім,  
Көрген соң аттан түсті Біржан серің.

Козғадым қырмызыдан сөзді талдап,  
Басында баяуладым Біржанды алдап,  
Төрт қызы Тұрысбектің қасыма ерді,  
Ақ үйден шыға келдім «Найман шалдал».

Таңданып жиылған жан қарап тұрды,  
Кыз да болсам Біржанға балап тұрды,

Кәмшат бөрік, күлдәрі белбеуі бар,  
Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.

Тұрінен мен таныдым осы Біржан,  
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған,  
Сарысұр адам екен, тым өнді емес,  
Құбылар тоты құстай әлгі антүрган.

Біржан салдың айтқаны:  
Осы ма бұл Матайдың бұлбұл құсы?  
Көп іздең бүгін таптым жазы-қысы.  
Әуелі қазақшылап көріселік,  
Жарқыным берірек кел, жасың кіші.

Баласың,— деді,— менен жасың кейін,  
Көрінді Біржан салдың сөзі бейім.  
«Көрісем, бері кел»,— деп сәнсіп тұрды,  
Толғанып үндемедім оған шейін.

Қыз көріспеген соң Біржанның  
айтқаны:  
Мен Біржан қызға барман аяғымнан,  
Шын қыzsам дәуірлеймін баяғымнан.  
Бері кел, үрғашылық қылма жаным,  
Дәндеме наймандағы саяғынан.  
Найманның болады екен қызы надан,  
Үлгісіз қалай халық түрі жаман.  
Ағаға іні келер біздің елде,  
Көп бол па, сұрасуға есен-аман.  
Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,  
Сен түгіл сенен артық құмар маған.  
Жалымнан тұтқан қызда арман қалмас,  
Жібек жал арғымақпын тұмарлаған.  
Ерекек тілін алмайтын жының бар ма?  
Адам деп сөз айтамын Сара саған.

Сонда қыздың берген жауабы:  
Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың?  
Сөз білсең бұ да сенің жамандығың.  
Кыссасул-әнбиядан естімел пе ең?  
Белгілі мағлұм болды надандығың.

Адамды топырақтан жаратты хак,  
Надандығың білінсін бұл сөзге бак.  
Хауаға бұрын барған Адам ата,  
Бұл салттан кетпекшісің қалай аттап?  
Данышпан білгіш қой деп ойлаушы едім,  
Арғын да тантиды екен жоқты мақтап.  
Найманда екі жүзді нар кескенмін,  
Желкенді қимақ үшін қойған саптап!  
Тозаңың анда-санда бір бұрқ етер,  
Саулатсам бейпіл желді екі жақтап.  
Күн көргелі келдің бе құрдым Арғын,  
Жинауға сынық малта Найманды актап.  
Абыройың ашыларын білмейсің бе?  
Көрпенді қөсілсеңші бойға шақтап,  
Жерге кіріп кетерсің жынды антүрған,  
Шын қазсам асты-устінді жездей қақтап.  
Делбелігі емес пе Біржан салдың,  
Кісісін жеңетүғын жаңа тапты-ак.  
Талпынған жас баланың білегіндей,  
Сендейге ұстаттаймын қолымды аппак!

Сонда Біржан сөйлейді:  
Сал Біржан домбырасын қокке сермен,  
Жіберді түрлендіріп әннен өрнек,  
Сөзіме ызаланып алғаннан соң,  
Дауысқа салды Біржан аспанға өрлең;  
Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға,

Сөйлеткен сені балап қазақ үлға,  
Асықша ақ жамбыны сұлуға аттым,  
Тиыным шықкан емес сендей тұлға.  
Сайратқан Орта жүздің бұлбұлымын,  
Қызығып жүргенім жок алар пұлға,  
Күшігін асыраған өлекшіндей,  
Азғындал шөктің Сара жылдан жылға.  
Қырсығың өз басыңдан арылған жок,  
Тегістеп айыбынды тізсем қылға.

Қолыңды ұстаптайтын ерке болсаң,  
Күлімсі берді әкең неге құлға.

Бар екен жаннан артық сөйлер сөзің,  
Сүйенген қызыл тілге шын сорлы өзің,  
Колға түскен қалмактай ықтиярсыз,  
Төрт болар құлға барсаң екі көзің.

Сөзіңе таң қаламын сынай алмай,  
Айтқаным кетті саған ұнай алмай.  
Көзіңді күшік құрлы бір ашпайсың,  
Кортиған шірігінді құдай алмай,  
Есекке қосақтаған бір қашырсың,  
Күң сырын көпке жаяр жылай алмай.  
Құшак толар ереккек көңілің бар,  
Сәнсисің күйгеніңен шыдай алмай.

Жан жетпес ән шырқасам өрісіме,  
Құданың ризамын берісіне.  
Елден таңдал айттырған қортық байың,  
Бір койдың сыяр тұлып терісіне.  
Алыстан тілеп үшқан тұз құсындай,  
Біржанның жан таң қалар келісіне.

Мойыным жүзген қаздай иіледі,  
Орта жүз ән шырқасам сүйінеді.

Арғынның жалғыз тоны қолға түссе,  
Төрт Найман орта бойлы киінеді.  
Найманда байлық бар ма біздің елдей?  
Жұрсем де адам боламын мұнда келмей.  
Қыз сөзін кек көрмейтін сайтаным бар,  
Онымды тастамаймын өзім өлмей.

Атадан Біржан сал боп тудым артық,  
Ұраным «Ер Қарқабат, Алтай — Қарпық».  
Ақкумен аспандағы ән қосамын,  
Қозғасам ашы күйді түптел тартып.  
Қырмызы, асыл бекзат бір мінезім,  
Кетер ем еркек болсаң бір-ақ тарпып.  
Қыз итті сыйлайтұғын бар мінезім,  
Самғаймын бәйге атындағы артып-артып.

Көкшетау дуанына даңқың барған,  
Мен Біржан алтын тудай айқындалған.  
Естігелі, Сара, сені үш жыл болды,  
Сері едім төңірекке құлаш жайған.

Тұлқінің жүгірісін қыран байқар,  
Ұялсан, сөзің емес маған айтар,  
Қанды көз май жеп алғыш ақықтын,  
Сен түгіл қасқыр көрсө бір-ақ шайқар.

Қайтару сұрамаймын келсе аым,  
Қыз сөзін парық қылмайтын ескі заым,  
Күнінде он көрінсе де айнымаймын,  
Көк төбет болды деме мені, жаным.  
Түстіктен жұрт таң қалар көргеніме,  
Женбесем, қуанбаймын келгеніме.  
Ақ марал, осы жолы жығылмай кет,  
Алтайдың душар болдың мергеніне.

Өзімдей бір басты адам сөз білмейді,  
Құданың мың шүкірлік бергеніне,  
Қыз сөзі батқан сайын жаңым кірер,  
Қарамай қатты сөйле өлгеніме.  
Адымым күні бүгін қалыбында,  
Екі жыл отыз беске келгеніме.  
Апшымның қуырылып қай сасқаным,  
Өтірік ентелетіп желгеніце,  
Көзімнің Қекшетаудан қыры түсті,  
Аталық Қаптағайда жүргенінде,  
Аю болсан да басамын «әп» дегенде,  
Түспеймін жаман құстай көргеніце.

Сонда Сараның айтқаны:  
Эй, Біржан, жасың үлкен, өзің аға,  
Қымбаттығым белгілі білсөң баға,  
Қамысты терең көлдің сұқсырымын,  
Қаңғырған ілдірмеймін қаршыға.

Ежелден сен белгілі желді көрік,  
Таң қалдым сәулетінді сенің көріп,  
Сені айдал ажалыңа алып келген,  
Құт Маман, ер Шерубай қасыңа еріп,  
Сөйлетпей шыға сала кеттім дерсің,  
Түрімді көрсетейін сөйлеп беріп.  
Қарны ашқан қырсығы бар еркек мысық,  
«Сасық» дер аузы жетпей, майдан жеріп,  
Сөйлеспей мен сықылды өнерпазға,  
Дәндеме жүрген күннен тезек теріп.  
Өленді қолқа қылсаң ағытайын,  
Самарқан жібегіндей оннан өріп.  
Әншейін сыпайы деп қимай тұрмын,  
Көзінді төрт қылар ем иттей керіп.  
Сөзбенен женемін деп ойламаңыз,

Бір жерден мұдірер деп көніл бөліп.  
Тілінді тарта сөйле, Біржан батыр,  
Жарамас жүдеп қайтсан, іздең келіп.  
Тартылып таразыға тең келмейсің,  
Тірілсең ертең кешке, бүгін өліп.

Арғынның тантықтығы міне осындаій,  
Кім байқар ер қадірін сөз қосылмай.  
Жай тастап құлашымды кең созамын,  
Сен түгіл Қожағұлдан бір шошынбай.

Құшпенен көндіремін болмасаң да,  
Сестеніп тамам жерден қозғасаң да.  
Аптығып арғынсынып сандырама,  
Ойлайсың артықпын деп онбасаң да,  
Найманға жалғыз тының керегің жок,  
Келесің қайыр сұрап анда-санда.

«Мен пәлен» дегеніңе сескенбеймін,  
Шошыр деп қоразданып алдасаң да.  
Ақыр өнер барлығын байқасармын,  
Өзінді өзің мактап, нанбасаң да.  
Қарамды әр-беріден соң бір көрмейсің,  
Сонынан үмітті бол қалмасаң да.

Тоймайтын жеті басты жалмауызың,  
Ескі-құскы елден жиып жалмасаң да.  
Қуып жетіп озамын Найман шалдал  
Пысықсып ә дегенде самғасаң да.

Әй, Біржан, әлінді біл, жүр жайына,  
Әке десен қөнбеймін ыңғайыңа.  
«Жай аяған жаралы болар» деген,  
Шын тілеп сөйлейінші құдайыма.

Жылқының арығындај Арғын кедей,  
Тойғансып мас боласың ішпей, жемей.  
Құр айғай салғаныңа кім шошиды,  
Жеңермін иттей қылып, адам демей.

Найманның аруағынан кет садаға,  
Әзәзіл бола берме екі араға.  
Жанак та қобызымен түк қылған жок,  
Оңай ма сендей сорлы бишарага.

Орынбай іздеп келіп, кеткен қаңғып,  
Жеңген жок Кеншімбайды о-дағы андып.  
Жанак қашан жол алды Сабыrbайдан,  
Жаманын көтереді Арғын сән ғып.  
Біржанды әке десе менсінбеймін,  
Жаратты қыз да болсам сонша паң ғып.  
Жынды бота сықылды бір делбені,  
Құдайым тірі қойған несін жан ғып?

#### Біржанның айтқаны:

Арғынға, жете алмайды Найман өлмей,  
Ежелден артық туған теңдік бермей.  
Женбесем, Сара, сені осы жолы  
Өлгенім жақсы емес пе үйді көрмей.

#### Сара айтады:

Ей, Біржан, өнер біткен қай жеріңе?  
Бұл жолы пайда ілінбес құр теріңе.  
Женбек түгіл келмейсің ширегіме,  
Әкеңнің менен қорықсаң кір көріне!

#### Біржанның айтқаны:

Арғынның көз жеткісіз аймағы бар,  
Төңірек жеті дуан ойнағы бар.

Кім жетер Жанайдарға Алтайдағы,  
Алты жұз бота мен тайлағы бар.

Шалқыған Жәнібек пен Тұрсын, Жанай,  
Ит қосты Нұрмұхамбет, Досан, Қанай,  
Солардың хисабына көз жетпейді,  
Ол түгіл бір Шақамдай болсаң қалай.

Қаржаста бір құтым бар Мұса, Шорман,  
Үзілмей келе жатыр ескі қордан,  
Қажының белбаласы Садуақас,  
Құтқарған сан қыранды түскен тордан.

Ұл тумас Қазанғаптай ата ұлынан,  
Тұқымы дегдар шыққан жатынынан.  
«Полковник» шен алады туда сала,  
Шырылдал түскен бала қатынынан.

Шыныбай асып еді бір шағында,  
Жан жетпес ер Қазекем аруағына.  
Жамантай, Құсбек, Шыңғыс, Сартай төрем  
Ілінген талай Найман қармағына.  
Тәттімбет ардагерім Арғын асқан,  
Қырық түрлі күй ілінген бармағына,  
Ежелден әрі баймын, әрі молмын,  
Шын қызсам шыдамайсың зардабыма.

Адамның ақиығы қажы Құнанбай,  
Сан жүйрік сау кеткен жоқ бір сыналмай.  
Найманның әулиесі батыр Барак,  
Ішкүста болып кеткен түк қыла алмай.

Ыбырай жас жолбарыс білектенген,  
Дүшпанға арыстандай жүректенген,

Әзінің заманының бозбаласы,  
Перінің жігітіндей реңтенген.

Ей, Сара, қайсының бар оған жетер,  
Өнерін көрген жанның есі кетер.  
Адамның жалғыз басты білімпазы  
Әлі де жамандамас Найман бекер.

Орта жүз Абай қойды атын батпай,  
Үйіне ояз кіrmес жауап қатпай,  
Арғынның асылдығы міне осындай,  
Наймандай ағайының жүрген сатпай.  
Бар болса, бұған орай қоймай сөйле,  
Әйтпесе сөзінді қой, босқа шатпай.

Сонда Сараның айтқан жауабы:  
Ей, Біржан, сез сөйлейін анықтатып,  
Көңілің ауырмасын қабак қатып,  
Көкшетау, Қызылжарда талай Арғын,  
Күн көрген жанын жалдал, жатақ жатып,  
Найманнан қай жерің бай мактанғанмен,  
Тентіреп нан жемейміз шілік сатып.  
Бармаған соң жайынды білмейді деп,  
Құр босқа мактанаңың тәңірі атып.

Найманда Қаракерей, Сыбан, Мұрын,  
Жеті ата Жолымбетке құйған нұрын,  
Шерубай, Тана мырза, ер Тәукебай,  
Қай қазақ сөз бастаған онан бұрын?

Баласы Козыбайдың Тілеуберді,  
Әліхан оның ұлын әркім көрді.  
Құдайдан қорыққан Арғын осал демес,  
Карадан хан бол шықкан Қисық ерді.

Жан жетпес Бабатайға, және Жанак,  
Аққожа би, Ақтайлақ асқан манап.  
Актамберді, Алтыбай, Райымбек  
Жайратқан жауын түгел қойдай қамап.

Кенжекұл қазақ жетпес бабасына.  
Төрт арыс билік айтқан баласына.  
Байтоқа, Кенесбай мен құт Данияр,  
Тоймаған сөздің сөйлер шамасына.  
Арғын жоқ мактағанмен Тойғұлыдай,  
Қор қүйған Қыдыр келіп сабасына,  
Бірін-бірі аңдыған ку Арғынсын,  
Мактанған мінсең орыс шанасына,  
Екі жыл бак айналса біреуіңе,  
Қайдағы жаулық қылған данасына.  
Арғында кісілік жоқ мен білмейтін,  
Қарны ашса қастық етер анасына.

Кім жетер Қабанбайға дуа қонған,  
Үзілмей тұқымына қуа қонған,  
Қожағұл, Элі, Жақаш, ер Әділбек,  
Сұлеймен оның ұлы шықты соңнан.  
Ботабай, Байжігітке құт Шиямбай,  
Сасан би, шапты Кенже жауға аянбай,  
Шынымен құлаш ұрып самғай берсем,  
Қаласың жетпек түгіл бір таянбай.

Таласпас Тәнекеңнің жан бағына,  
Жеңермін егер тартса іс ағына,  
Шетінен Қыдыр қонған өңшең құтым,  
Мың-мыңнан құт тастаған арт жағына.

Арғынның болады дейтін қызы сойқы,  
Шот мандай, иегі ұзын, мұрны кейкі,

Бұйра шаш, дөң жауырын, қысқа тұмсық,  
Дүрбелжін дорбиған күң ойқы-шойқы.

Жігіті Қоқандықтың аңғалындай,  
Аптығар өрттің шалқып жанғанындай,  
Асыққа ак жамбыны ертіп құйған,  
Найманның жігіт қайда бағланындай.  
Екі ауыз ән білгені ақынмын дер,  
Қыдырдан түсте бата алғанындай.  
Ұятсыз сіздің елдің бәрі даңғой,  
Айтпасаң мұнан басқа қалғаныңды-ай,  
Қапыда қалдым деме, ақын Біржан,  
Көңліңен коймай сөйле арманыңды-ай.  
Сара ақын екеніне көзің жетпей,  
Осындаі қайдан білдің қармануды-ай.  
Найманнан қарның тойып кетсең-дағы,  
Коймайсың жылда келіп жалмануды-ай.  
Елу күн ғайып білген тоты құспын,  
Білмеймін, әкеңнен де алдануды-ай...

Өз басым ұрғашының қара тілі,  
Иранбак бет бітісім қызыл гүлі.  
Біржан сал, ажал айдал өзің келдің,  
Іздеуге ойланып ем өткен жылы.

Майысып нәзік белім бұраң қакқан,  
Қырық түрлі дана кеudem өнер тапқан.  
Сөйлесе май тамызған бұлбұл тілім,  
Сықылды гәуіп сағат нақыс шапқан.

Ажымсыз он саусағым бәрі де аппак,  
Болғанда аузым сағат, ернім қакпақ.  
Міні жоқ отыз тісім меруерттей,  
Ерінбей тіздіргендей адамзатқа-ак.

Мойыным сұңғағындақ жүзген қудың,  
Лебізім шырынындай шәрбат судың.  
Қакқанда төңкөрілген қас бітісім.  
Ашылған айбатындақ жібек тудың.

Қырмызы қызыл жібек мандайым кең,  
Арғынның айтшы кәне, қай қызы тең.  
Тал бойым ұзын да емес, қыска да емес,  
Азар дүшпан болсаң да қай жерім кем?

Тамағым жас баланың білегіндей,  
Иығым тік сандалдың тірегіндей.  
Бет алдым қоңыр қаздың қеудесіндей,  
Тал бойым жолбарыстың жүргегіндей,

Арғынды мақтасаң да, жетті Найман,  
Жетпек түгіл байлыққа өтті Найман.  
Бұралқы үйге сіңген күшік иттей,  
Бай болсаң мұнда Біржан, келдің қайдан.

Найманның Арғын жетпес қоғамына,  
Қаласаң бекер мақтап обалына.  
Қымыз бенен қыз сатып күн көресің,  
Естімін таянды деп жоғалуға.

Мақтанып жоқ нәрсенді айтпа маған,  
Рас, жаным ашиды, Біржан, саған.  
Сөз білсең көп таласпа меніменен,  
Алысып күр қеуденмен қалмас баған.

Ей, Біржан, шыдамаймын қылышына,  
Мақтанба Құсбек, Сартай ұлығына.  
Үстіне Жамантайды сомдап қоссан,  
Барактың пар келмейді сынығына.

Ұстаған Тобықтыға дүре соғып,  
Аққан қан ат суарған тұнығына.  
Қапанның Байқарамен қосы қонса,  
Жетпеген қалың тоғай қорығына.  
Қазыбек Құнанбайды найзалаған,  
Төрем түгіл Төленгіт жорығына.

Садыrbай, Жаманбала, Арқабайым,  
Тел емген екі енені марқадайын.  
Есілге, Едіреймен қамалған қу,  
Қекмайса жерің бар ма Арқадайын.

Ақ Найман Қожамбетке Арғын жетпес,  
Төртуыл Қаратайдан қазақ өтпес.  
Қекжарлы Сары, Жомарттай қайсының бар,  
Қызығы Мысыр шәһардай естен кетпес.

Ерлерім, айта берсем, жатыр талай,  
Ойласаң есің шығар санай-санай.  
Бура жатыр көптігі толық дуан,  
Атасы әулие өткен ер Қонақбай.

Дәuletке Бура-дағы артық аскан,  
Кім баймын дегенменен жағаласқан.  
Жаяубайлар көрді ғой малдан ыза,  
Козғалып көшіп жүртқа жете алмастан.

Қайсы Арғын жетеді Аман, Қошеріме,  
Мен дайын сөзді қалай десеріне  
Кең қолтық өзім тендес кез келмесе,  
Алтайдың көзім толmas есеріне.

Тойке мен Жоламандай тумас қазак,  
Дүшпанын иттей байлап қылған мазак.

Менімен айтысуға қайдан жеттің,  
Жыл сайын өлуші едің сүйек қажап,

Қоңырға жан теңелмес Бекеспенен,  
Құр айғай түк өнбейді егеспенен.  
Түнеп қыдыр қонбаған Үбырайға,  
Құні өтті тойсам деген өңешпенен.

Ел артпас Серікбайдың жарлығынан,  
Құт болды бас қыдыры барлығынан.  
Мактаған Үбырайың дәнеме емес  
Бұлінді бар Тобықты пандығынан.

Наймандай Арғын болмас қоңыр майда,  
Ел тоқтар бір мінез жок Үбырайда.  
Қазакта өнері асқан ер болғанда  
Бағланы Жігітектің кетті қайда.

Антұрған аты құрсын Абай деген.  
Жылатып момындарды талай жеген.  
Болғанда қасиетті жақсы кісі,  
Қасқырдай өз күшігін қалай жеген?

Сал Біржан, мақтансаңыш түбін ойлай,  
Арғынның бәрін білем, бірін қоймай.  
Құнінде-ақ болып тұрған ел бұлінді,  
Тобықты быт-шыт болды үріккен койдай.

Быт-шыт қып Тобықтыны тентіретті,  
Түбіне аяғында түгел жетті.  
Елге құт, берекелі кісі болса,  
Маңғазы Шекетайдың қайда кетті?

Өнердің күш көрерсің өкімінен,  
Сөзімнің түйсөң керек секілінен.

Жарыған жалғыз Арғын көрінбейді,  
Жас қызын ұстап берген кекілінен.  
Қара керей Матайға жау болған жок,  
Барактың артық қайрат етуінен.  
Түйеше құр бойыңа сенгенсисің,  
Ісің жок Найман қуып жетуімен.  
Тойғұлының асында бәйге тікті,  
Тоғыз қыз Арғын берген жетімінен.  
Төлеуші ең бір түйе ұрлап екі бала,  
Антүрған ұялмайсың бітімінен.

Құтырмай жайыңа жүр жынды делбе,  
Келіп кісі болма сен біздің елге,  
Сөз білмейтін жеріңе мактана бер,  
Бұл жакта құр айғайың кетер желге.

Ей, Біржан, көнілінді тындырайын,  
Аруақ пенен құдайға ұрдырайын.  
Найманда тұлеп ұшқан ақыңпын.  
Топшынды қанатыммен сындырайын.

Құнанбай не себепті Омбы барған,  
Ер еді өз басы әділ қылды жарған.  
Ел тоқтап сасқан кезде үйтқы болар,  
Баласы жок-ак дейді онды болған.

Ей, Біржан, бұ да жетер бір басыңа,  
Құл болып одан-дағы тұр қасыма.  
Сен-дағы жас күніңен ардагерсің,  
Құрбың мен жеткізбеген құрдасыңа.  
Әуенің жез сырнайдың көмейіндей,  
Әніңің казақ жетпес бүрмасына.  
Ақын емес, жігітсің әңгімешіл,  
Мұныңмен шыға алмайсың қыр басына.

Жұз Жанак, он Орынбай жолдас алсаң,  
Мен кепіл сен жеңілмей тұрмасыңа.  
Есің болса, осымен тоқта, Біржан,  
Арғынды бос қаздырмай үрғашыға.

Сонда Біржанның айтқан жауабы:  
Құтыма тіл тигізбе, ер Құнанбай,  
Алашқа аты шыққан кер бұландай,  
Ескермес он ақынды есіл басым,  
Қадалдың маған, Сара, сұр жыландаі.

Сен түгіл, жеткен емес ерекк қуып,  
Төмен болған жерім жоқ, өзім туып.  
Шынымен жайпаң қағып самғағанда,  
Тұсыма келген емес адам жуық.  
Менсінбей қапы қалып өкінермін,  
Ыңғарлы көрінеді сөзің сұық.  
Болдырып түстен кейін сандырарсың  
Байталсың қапелімшіл бір жел қуық.  
Барынша өнеріңің аянбай сал,  
Көңілімді көтермей-ақ сөзбен жуып,

Жорғамын сарынымен самғайтұғын.  
Бәйге аты серпінімді шалмайтұғын.  
Әнімді он екі звод жіберейін,  
Есінен өле-өлгенше қалмайтұғын.  
Ежелден құлаш мойын көк айылмын,  
Ылауға жеті құнге талмайтұғын.  
Болатпын екі жұзді, жетем құрыш,  
Күйсеуін шапқан түйе танбайтұғын.  
Гәунармын бозбалаға сәуле берген,  
Дәндеме жаманыңан жанбайтұғын.  
Ой желке, қамыс құлақ қара көкпін,  
Тұнықтан жүзіп ішпей қанбайтұғын.

Ұрғашылық қылмасаң бір басыма,  
Қазақ жоқ Біржан десе наnbайтұғын.  
Даусымның жаңа түсті кәрі жыны,  
Дәуірлеп барған сайын болмайтұғын.  
Карқабат, Қарқожа ата-бабам,  
Осындай ерегісте қолдайтұғын.  
Қырымға қарайтұғын қара кермін,  
Аң алмай жерге бекер қонбайтұғын.  
Айнымас қанды балақ ақынкын,  
Тұяғым тиген қасқыр оңбайтұғын.  
Асылмын аспандағы құс болғанда,  
Қантарда қалшылдаған тоңбайтұғын,  
Тұлпармын «Көрүғеліның» ғиратындай  
Алдына жүгірсе мал салмайтұғын,  
Рұstem дастандаймын дәл өнерге,  
Менгеріп кісі билеп алмайтұғын.  
Бір итке елің неге берем дейді?  
Сол ма екен лайығың тандайтұғын?  
Он бестен ұрғашыға саятшымын,  
Күн сайын қанжығамды қандайтұғын.  
Аңдалап бас аяғынды, байғұс Сара,  
Мен сенің кісің емес алдайтұғын.

Сонда Сараның айтқан жауабы:  
Қазақ жоқ хан Баракқа теңгерілген,  
Күшімен Арғын, Найман менгерілген.  
Есіл ер аруақ біткен заманында,  
Тоқтыдай сан Тобықты өңгерілген.  
Өзінді ат та қылдың, құс та қылдың  
Дүниеде бар жақсыға теңгерумен.  
Жайымды адам күймен айтайын мен.  
Басылсаң ала қашпа өрлеуінен.  
Өнерге екі жағым бәрі бірдей,  
Еркек жоқ өз басыма теңгерілген,

Құр босқа бөгелемін келіспей нем,  
Сөз пірім он жасынан меңгерілген.  
Небір нәзік көзге олқы көрінсем де,  
Сан жүйрік қойдан өңкей өңгерілген.  
Ұшырған тәрбиелеп ак түйғынын,  
Матайдың Қаракерей сенгерінен,  
Даусыма аспандағы құс айналар,  
Құбылып тоты құстай төңкерілген,  
Антүрған, құдай қане, жасырмай айт,  
Сөзім жоқ бір кісіден кем көрінген.  
Сайраған тәмам Найман бұлбұлынын,  
Қапаста жел тигізбей жем берілген.  
Жұрт сынши, өзі білмес екі даугер,  
Белгі жоқ адымында теңгерілген.  
Мақтанғаным болмас-ау, осы кеудем,  
Он Арғын шалымынан кең көрінген.  
Бірінен бірі дамып асып түсер,  
Дауысым алтын тудай паң керілген.

Сонда Біржанның айтқан жауабы:

Жарайды, жаным Сара, осы сөзің,  
Тас түлек тұрымтайдай екі көзің,  
Сөз айтар қандай кісі деген кезде,  
Алдынан құдай айдал келді кезің,  
Бір асқанға, бір тосқан бар-ақ деген,  
Талайдың кисық деуші ем құрған тезің,  
Шіркін-ай, мұндай жүйрік туармысың,  
Сөйлейсің алтындар ғып сөздің жезің.  
Қанатын күн шалмаған ак түйғынның,  
Жапалақ иемденер басқан ізің.  
Кор болдың бір қортыққа, Сара қалқам,  
Армансыз қылар кімнің үйі-түзің.  
Дені сау адам емес Тастанбегің,  
Жүр екен тастай алмай о да қызын.

Біліп ем, Сара, сенің сыңайынды,  
Баса алмай армандағын құмарымды,  
Ақ үйден айғай салып шыққан кезде-ақ,  
Сезгенмін сөзге қайрат қыларынды.  
Сөйлейсің төрт құбыласы түгел жандай,  
Білмestен неден зар боп жыларынды.  
Майысқан сегіз қырлы жүйрік-ақсың,  
Қай жерден болжамайсың тынарынды.  
Шақыртып қүйеуінді осында алдырт,  
Көрейін таңдал қосқан сыңарынды.

Тез алдырт қүйеуінді, Сара саңлак,  
Көрейін еркегінді тиген таңдал,  
Рас-ақ жаны ашыса Тұрысбектің,  
Белгісі білінеді келсе сонда-ақ.

Шыбықтай жігіт шығар өңі нұрлы,  
Өнері өзің тендерес сегіз қырлы.  
Шеберден мін алатын мініскерсің,  
Ер шығар тоты құстай неше түрлі.

«Жақсыны көрмек үшін» деген Сара,  
Өзі түгіл ел қамын жеген Сара,  
Мырзаңды Жиенқұлдай шапшаң шақырт,  
Ұялып бөгелесің неден, Сара?

Сонда Сараның Найманың жақсы-  
ларына шағынып айтқаны:  
Кажеке-ау, мынау қалай ақырады,  
Жиенқұл тез келсін деп шақырады.  
Көрсетсең асылынды әпкеліндер,  
Аулында ол келгенше отырады.

Арғынға жол бермеген есіл тілім,  
Күн өтпей, қор боп үшкан қызыл гүлім,

Сіздерден ұялғаннан үндемеуші ем  
Есекке қосактаулы өтті күнім.  
Өзі білер деуші едім жаксылардың  
Ақыры қайғы болды енді мұным.

Алтайдың саңлағымен сөйлессем де  
Жоқ екен жүйрік иттей өлсем құным,  
Сіздерге сенетұғын сорлы басым,  
Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнім.

Өздерің Жиенқұлды көріп едің,  
Құдайдан қорықпай шыдап беріп едің.  
Шақырган «Найман шалдың» аруағын,  
Бәріне қыз да болсам серік едім.

Біржанға көрсетіңдер Жиенқұлды,  
Ол мені осы жерде тірі өлтірді.  
Ұяттан кісі өлмейді, сағы сынар,  
Қайтейін құдай қосып ием қылды.

Итіңді келмесе де, келтір байлап,  
Бітпесін зығырданым күнде қайнап,  
Ағалар, нәсіліңе дұрыс болса,  
Құдайға тапсырамын «Қаптағайлап».

Қажеке-ау, көріп келдің хақтың үйін,  
Мен түгіл бөтенге де зорлық қын.  
Жиенқұл ерім болып тұрар ма екен?  
Күнінде танда-махшар болса жиын.

Көзімді аш, көnlімді нала қылмай,  
Кетсең де өкпеледім бала қылмай.  
Сыртынан өлеңменен шақырайын,  
Біржанға өзімді-өзім таба қылмай.

Сәлем де Жиенқұлға келсін жатпай,  
Келуге шошынады неден батпай?  
Әркімнің қолда бары өзіне алтын,  
Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай.

Қөрінсін Біржан салға ай секілді,  
Ақ қүйрық көңіл ашар шай секілді.  
Ұсынса қол жетпейтін арғымағым,  
Арғынға баламаймын тай секілді.

Тез келіп амандассын Біржан салға,  
Қөрінсін айбаттанып Арғын шалға,  
«Әркім теке қояды өз ылағын»,  
Әйтеуір мені сатып алды малға.

Бермесін дүшпаныма намысымды,  
Біледі, Арғын — Найман дабысымды.  
Бар болса шыбын жаны шапшаң жетсін,  
Ел таныр арғымақтай шабысымды.

Қылмасын дос Жиекем сөзге сынық,  
Шәрбаттай ағып жатқан сөзім тұнық.  
Қамалдан тартынбайтын қайран басым,  
Көлге кеп қойып кетсін көзді жұмып.

Асылым құдай берген өз бағыма,  
Тенелмес жеті Біржан тырнағына,  
Найманда ұлы дария саяткерім,  
Балық бол ілінгемнің қармағына.

Бағының зор екенін көрсін Арғын,  
Сықылды салтанатым батыр Тарғын.  
Көрмел пе Біржан ондай болам десе,  
Сескенбей шапшаң жетсін біздің балғын.

Бесіннен қалмай жетсін жаны болса,  
Бөгелмей жете көрсін әлі болса,  
Елден қайыр сұраған кедей Біржан,  
Алмай ма мендей қызды малы болса.

Көрінсін салтанатпен менің серім,  
Сол енді құдай қосқан барап жерім.  
Кедейге қонақ асы тай әкелсін,  
Талабы Тәттімбеттей асыл серім.

Сонда Біржан сөйлейді:  
Көрейін, кісі жібер, күйеуіне,  
Көнбейді жаман болса сүйеуіне,  
Сабазың қандай екен, көзім көрсін,  
Адамның таласатын біреуіне.

Жасырмай көрсет көзге келтіріп-ақ,  
Сөзбенен жұдettің ғой өлтіріп-ақ,  
Ұялмай осы топқа көріне ме?  
Әнерсіз, жігері жоқ делқұлың-ақ.

Сараның айтқан сөзі:  
Қажеке-ау, кісі жібер балаңызға.  
Әзәзіл болды Біржан арамызға,  
Сыртынан мактасам да керек болды,  
Көрсетпей жігітті үрлап қаламыз ба?

Өзіңнің құла жорғаң барсын оған,  
Жиекем Бижан ерін салсын оған.  
Біржанды бір қаққаннан қалдырmas ем,  
Құдайым мені қайдан косты соған.

Қажеке-ау, алдыртының қонақ кетпей,  
Біржан тұр көремін деп сөзі бітпей,

Ажал да кісі таңдап алады екен,  
Сол итті неге қойған алып кетпей?

Конжып мінер құла жорға болса,  
Келе алмас сол шіркінің қорғаласа,  
Рас бізді масқара қылар сонда,  
Корс етіп бармаймын  
деп онда қалса.

Кісі емес ел намысын ұққандай-ақ,  
Ербиер елсіз тауға шыққандай-ақ.  
Жиенқұл күжірейіп келер ме екен,  
Он мата арқасына тыққандай-ақ.

Бар еді ұлы-қызың,  
Қажы аға,  
Қалдым ғой Біржан деген беймазаға.  
Өзіңнің болып тұрған заманында,  
Дені сау кез болмадым бір тазаға.

Арғынды бір дәңгелет деп едіңіз,  
Мен түгіл Найман қамын жеп едіңіз.  
Меке мен зиярат қып Байтұллаға,  
Бақытыма есен-аман кел едіңіз.

Көрмейсіз неге менің көз жасымды,  
Жеңбек бол Біржан солай сөз қашырды.  
Жылған «Қаптағайдың» жақсылары,  
Басқаға айрып бер өз басымды.

Алдырып не қылады оны Біржан,  
Көруге ынтық емес соны Біржан,  
Арғыннан асып кеткен бай болмайды,  
Жеткенмен Жиенқұлға қолы Біржан.

Сонда Біржанның айтқаны:  
Шырағым Сара,

сендей тумас бала,  
Шежіре болармысың мұндай дана.  
Обалың Есімбек пен Тұрысбекке,  
Жігітің жөндеу екен, ей бишара.

Ел-жұртың қорықпайды екен көз жасынан,  
Қылп кеткім келмейді мен қасынан.  
Кемітер қай жерінді дүшпан шіркін,  
Адамзат озар емес өз басынан.

Жіберме Жиенқұлға шақыруды,  
Өнерсіз үйде білер аһ ұруды,  
Қайнайды зығырданым көргеннен соң,  
Алдырма бекер мұнда кәпірінді.

Білесің, Арғын — Найман тегіс затын,  
Алашқа шығып еді Біржан атым.  
Кісіге сен секілді малын шашпай,  
Қазақ та қылады екен кімді қатын.

Дүшпаның жамандайды не деп сені,  
Белгіге жарап саған берсем нені?  
Өнбойың өнер толы жан екенсің,  
Айбатың әлемге айқын ай бедерлі.  
Садаға тырнағынан кетсін Сара,  
Сан жүйрік көріп едім мен нелерді.

\* \* \*

Сөз айтты сонда Біржан біздің жакқа:  
— Ұмытпан, Сара, сені әр уақытта,  
Қайырған сөзбен жетіп есіл шіркін,  
Көремін қайта айналып қай уақытта?

Есімбек, бокқа сатпа асылынды,  
Сыйлай көр қыз да болса, нәсілінді.  
Ұқпасаң, Арғын жоқты айтты дерсің,  
Есеке-ау, құлағыңа ал осынымды.

Қылайын көп ұзатпай сөзді қыска,  
Өлеңге жан көрmedім мұнан ұста.  
Аты ұрғашы демесен қарындастың,  
Адамның артығы екен осы тұста.

Шынымен бапты күнде дуға салса,  
Ілеспес ақын түгіл ұшқан құс та.  
Көнлінде мұны жок деп ойлар еді.  
Көрмеген дауысын естіп тұрса тыста.  
Обал тұрған орында сауап та бар,  
Жиенқұл тең емес қой бұл байғұска.

Законде зорлық болмас жанды адамға,  
Жақсыны қор ғыл болмас бір наданға,  
Және де аят пенен хадисте бар,  
Жылатып берме деген еш адамға.

Қажы барған Қаптағайдың арыстаны,  
Жалғыз сіз осы күнде данышпаны,  
Өзіңе құдай беріп қойған шақта,  
Дұспанның топ етеді алысқаны.

Көрмел пе Сарадай қыз қатын тапса,  
Ішінен өнер қысар аузын жапса.  
Кор қылып Жиенқұлға жібергеннен,  
Қытайша он есе артық басын шапса.

Тұрысбек, Есімбек пен сау тұр Маман,  
Таянды қайтар уақытым елге таман.

Айналып ендігі жыл бір келермін,  
Тысқары топырактан болсам аман.  
Сараны Жиенқұлға бере көрме,  
Қыз түгіл ер құнына келер шамаң.  
Бар болса сүйегінде ойларсындар,  
«Өлі тілін тірі алмас» деген заман.  
Байлаулы бала құстай Сара сорлы,  
Жоқ екен осы күнде мұнан жаман.

Әлқисса, Сараның қүйеуінен ұялып, Біржанға  
Жиенқұлды көрсете алмай: жамиғ Найман тоқтады,  
мен де тоқтадым дейді. Намыс қылып жақсыларым  
Жиенқұлдан айырар ма екен, деп дәмеленіп ем, бол-  
маса айттар сөзім басқа еді,— деді.

Енді Сараның өзінің айткан сөзі:  
Сал Біржан, жүріп кетті амандастып,  
Екі күн арпалыстым табандастып.  
Шіркінге қимағаннан жорға бердім,  
Басында сөйлессем де жамандастып.

«Кош Біржан, сау бол,— дедім,— сағым-керім,  
Арда күрең жігітсің алым-берім.  
Қашан өзің өлгенше есіл көзел,  
Күнде той,

күнде жиын жүрген жерің.

Жүре көр ақын Біржан бізді сұрай,  
Тысқары топырактан қылса құдай,  
Аптығып Арғынсынып сандырама,  
Көзіңе қыз көрінсе мұнан былай.  
Жолықтым,

атағына құмар едім,

Болмаса, келмestей ғып сығар едім.

Сыйладым сағың жерде қалмасын деп,  
Аттатпай адымыңды кияр едім.

Боп қалды бір көргенім көз таныстай,  
Сен-дағы жол бермедің бір қалыспай.  
Есекем еркек болса бере қоймас,  
Кісідей қарапайым бір салыспай.

## САРА МЕН ТӘСІБЕК

Сара қыз кезінде Тәсібек деген жігітпен айтысқан екен. Тәсібек Кенжеге сіңген аз ғана ауыл-ошактыдан шыққан өлеңші жігіт көрінеді. Айтыс кезінде Сара 13 жаста, Тәсібек 30 шамасында болса керек. Бұл айтыстың өлендері мынадай:

**Сара:**

Қонады қалың үйсін Қараталға,  
Мінеді Сарбас ағам өрме жалға.  
Тәсібек, өтірік айтпай, шыныңды айтшы,  
Өзіңнің Айтқожадай атаң бар ма?

**Тәсібек:**

Кем емес Айткеңнен атам Дүзен,  
Қаракөк үзілмеген тіпті бізден.  
Айткең, би Дүзекең біздің қазак,  
Қалмақтың шебін бұзып, шідер үзген.

**Сара:**

Мен едім ақын Сара күлімдеген,  
Дүшпанға басқан ізім білінбеген.  
Мақтанба көрмегендей ау, Тәсібек,  
Ілікке ата-бабаң ілінбеген.

**Тәсібек:**

Ауылым өрлей көшіп, өр қыстаған,  
Жұғымды малға жайлы жер қыстаған.  
Ей, Сара, өтірік айтпай, шыныңды айтшы,  
Би болып неше қалмақ мөр ұстаған?!

**Сара:**

Тәсібек, жеңіп кетсең, жебегенің,  
Қалмасын бүгін маған демегенің!

Лә-иләһи, иллиолла, мұсылмандын,  
Мені қалмақ дегенің, не дегенің?

Тәсібек:

Өлеңім таусылмайды молдығынан,  
Сарбастың құтылмайсың зорлығынан.  
Үлкен шешең қалмақтың қызы дейді,  
Сені қалмақ дегенім сондығынан.

## САРА МЕН ЕРМЕК

Атақты халық ақыны Куат Терібаев Сараның бірсы-  
пыра өлеңдерін жатқа білуші еді. Сол кісі айтатын  
акын Сара өлеңдерінің бірі – оның Арғын мен Найман  
рулары шекарасында өткен бір тойда арғын жігіті  
Ермекпен шайқасы. Оны Куат былай деп әңгімелуеу-  
ші еді:

Той бастап ақын Сара ән салады,  
Дауысын естіген жан таң қалады.  
Сол күнде жастау кезі жалындаған,  
Құбылып тоты құстай толғанады.  
Екпіні соққан желдей болғаннан соң,  
Әркім-ақ айтысудан қорғанады.

Осындай Сарадан жасқанған ауыл ақындары ау-  
зын ашпай отырып қалған соң той иесі Сараға:  
«Шырағым, тойды сен баста, тойбастарың әзір» депті.  
Сонан соң Сара тойды бастап, әр түрлі өлеңдер айтып  
отырыпты.

Сара:

Әуелі сөз сөйлейін бір құдайдан,  
Кім қалар ажал келсе өлім жайдан.  
Сиынып бір өзіңе сөз сөйлейін,  
Қолдай гөр аруағы Арғын, Найман!  
Құлаштап нелер жаксы өткен дүние,  
Сұңқардай тоят алып қанат жайған.  
Құсындай құдіреттің кез бол қалдым,  
Дәм татпас тірі жүрсе адам қайдан?!

Бұл тойдың құрметіне кез болған соң,  
Азырак сөз сөйлейін жаксы жайдан.  
Қызы едім Тастанбектің ел білетін,  
Жел сөзді ғадетім бар желдіретін.

Ортада білгенімше сөз сөйлейін,  
Ешкім жоқ бұл маңайда мен білетін.  
Қолыма домбыра алып, ән шыркасам,  
Әркім-ақ әуеніме телміретін.  
Білдіріп жағдайымды халайыққа,  
Азырак сөйлейтүғын келді ретім...

Ермек өз ауылышындағы тойды өзі бастап әдеттенген  
өжет жігіт екен. Есіктен кимелеп кіріп келе жатып  
айғайлап қоя береді.

Ермек:

Кім едің менен бұрын той бастаған,  
Алдынан жүйрік аттай ойқастаған?  
Той болса бұл өңірде мен бастаушы ем,  
Қандай қыз тәртібі жоқ далбастаған?!

Сара:

Сен кім ең, маған қарай қырындаған,  
Дауысың әңгे келмей қырылдаған?!  
Той иесі ағайым өлең айт деп,  
«Тойбастарын» ұсынды бұрын маған.  
Дауысымды естіген жан сүйсінеді,  
Бойы ұйып, сүйек балқып шымырлағаң,  
Он үште домбыра алып өлең айттым,  
Түсімде бата берген Қыдыр маған!  
«Бұл кім деп далбастаған» кемітесіз,  
Сабырсыз жан екенсіз шыбындаған.  
Бастасаң бағанадан қайда жүрсің,  
«Тойбастар» бүгін сізге бұйырмаған!

Ермек:

Сұрасаң менің атым ақын Ермек,  
Тоқтатпас көкірегімді өлең кернеп.

Той болса бұл өңірде мен бастаушы ем,  
Өзіндей надан қыздар үлгі көрмек!  
Әншайін сыпайылық-сыйлап тұрмын,  
Әйтпесе тастар едім қатты жерлеп.  
Маған да Аққожа атам бата берген,  
Білмесен жағдайым сол айтып бермек.

Сара:

Саған ба, Аққожа атаң бата берген?!  
Жігітсің қараны ак деп қата көрген.  
Надан қыз мен сықылды көріне ме,  
Орынсыз дұрыс па екен шата берген?!  
Кернеген көкірегің өлең болса,  
Аянбай өнерінді матқа бермен.  
Жел сөзім өңменіңнен өтіп кетсе,  
Қашарсың бой тасалап таса жермен!

Ермек:

Өзіңе өзің болдың арыстандай,  
Білмейсің жақын қандай, алыс қандай,  
Озған ба байтал шауып арғымақтан,  
Қайратсыз қатарласып, қағысқанға-ай.  
Сен де бір сондай байтал қара жілік,  
Қамшыла, қатарымнан қалыс қалмай.  
Мен емес қыздан қорқып қорғалайтын,  
Жөндеп айт өлеңінді шалыстанбай.

Сара:

Ей, жігіт, байқап сөйле, көп есірме,  
Абайла, әлің қалай егесуге.  
Ақын емес, дәлбірік ақымақсың,  
Қарғаша қаңқылдайсын күресінде.  
Атаң үл, анаң қыз бол көрмеген бе,  
Сен неге қарамайсың ірәсімге?!

Ер, әйелдің алдына олжа түссе,  
Алдымен кім аларын білесің бе?!

Күлдүктаң құтылмаған бір сорлысың.  
Мұныңды қуаныш қып жүресің бе?!

Дәлбірік біліп қалдым мінезінді,  
Менімен жарамайсың тіресуге!

**Ер мек:**

Сен бе едің ақын Сара жан мақтаған,  
Қолыңда домбыраң бар бармактаған.  
Қайткенде тұзағыма түседі деп,  
Бір қусың құр құдыққа кармақ салған.  
Өзіндей сан ақынмен айтысқанмын,  
Жеңілген талай қыздар қалжақтаған!  
Сөзіңе сөз табарлық өнерім бар,  
Айлаңнан қорықпаймын далбақтаған.

**Сара:**

Тауып айт өлеңінді сен ант үрган,  
Жауабың дәмді болса, сонда бұлдан.  
Мен Сара талайларға тағым бергем,  
Ел-жұртым жауабыма мойын бүрган.  
Жасымнан домбыра алып өлең айттым,  
Киналып көргенім жоқ өлең, жырдан!  
Өзіндей арсыз ақын кез келгенде,  
Асырып тастаушы едім алты қырдан!  
Сан жүйрік кездескенде шаршы топта,  
Мен едім шақ келтірмей сөзбен қуған.  
Соларға жол көрсеткен асыл сөзім,  
Тұрсың ба сескенер деп сендей сүмнан?!

Өлеңге а дегеннен ағындаимын,  
Іркілсем — бойыңа өлшеп шағындаимын.  
Көп өлең көкіректе тұр сактаулы,  
Сескеніп адамзаттан жаңылмаймын.

Той десе топшыл басым қалған емес,  
Өлеңге құдай берген аңырмаймын.  
Сен түгіл сенен артық жүйрік келсе,  
Ешкімге тізе бүгіп бағынбаймын...

## САРА МЕН ҚҰДАЙБЕРГЕН

Сара Бекбайға шықканнан кейін оған женге ретінде қалжындағы беретін Құдайберген деген ауыл ақыны бірде оны мұқатпақ болып, ауыл-үй арасындағы өсекті малданып, бір ауыз өлең айтады.

Құдайберген:

Келін боп бұл ауылға Сара келді,  
Колына домбырасын ала келді.  
Төлімен Тасыбайды көбейтсем деп,  
Ішіне бір баласын сала келді.

Сара:

Еліңде, Ермек, түбек мықты болған,  
Құл, қатын сорпасына күпті болған.  
Балам тұрсын, төсімде емшегім жок,  
Еліңде қызың көп пе жүкті болған?!

Күй тартсам бал тамады бармағымнан,  
Бассам теңіз ойылад салмағымнан.  
Бір тартып ақ тайлакша тастар едім,  
Атаңың қорқып тұрмын аруағынан...

## ТӨРЕБАЙ МЕН САРА

Төребай Ескожаұлы 1850—1910 жылдар арасында өмір сүрген адам, руы — Жағалбайлы. Үлкен бабалары сонау жаугершілік заманда Жалайыр сиyrышы руының төрелеріне Төлеңгіт болып келіп, содан қазіргі Қаратал, Қөксу бойларын мекендереп қалған деседі. Төребайдың бізге белгілі айтыстарының бірі 1900 жылдарда наймандағы Тұрысбек қажының аулында болады. Сондағы бір шілдехана тойында Сарамен кездескен Төребай айтыстан бас тарта алмайды. Бұл айтыстың ішінде болған Сейдахмет Кебекұлы «Есімде қалғаны мынау еді» деп айтып отыратын еді. Айтысты әуелі Сара бастаса керек.

Сара:

Біледі, Үйсін, Найман Сара екенім,  
Жасымнан өлең қуған жан екенім.  
Еліне Төребайда болыс бопты-ау,  
Ығында жүруші еді Қаракенің.  
Құда деп жігі-жапар құрметтепті,  
Ауылы Тұрысбек пен Тәнекеңнің.  
Жалайырлар білместен келген шығар,  
Сараның бұл ауылда бар екенін.

Төребай:

Жиналыпсың шілдеге маңайыңмен,  
Сараны естіп келдім, барайын мен.  
Қаракенің ығында жүрсем-дағы  
Айтықамын қыздардың талайымен!  
Арғын, Найман елімен сөзің бітсе,  
Бір айқасып көрсөнші Жалайырмен.  
Сен де туған анадан мен де туғам,  
Бір сөйлесіп сенімен қалайын мен.

Төребаймен әуелі байқасып көр,  
Шапанымды женілсем жабайын мен!

Сара:

Жалайыр теріс қарап үйықтайды,  
Жылылап текеметін тұйықтайды.  
Жылқысын бергі шеттен қуа қашып,  
Сексенбайдай батырлар иықтайды.  
Құз болса алып келіп жей береді,  
Алдыңғы барған ізін сүйтпайды.  
Жалайыр да бірталай ел емес пе,  
Өзгелерді қокандап жуытпайды.  
Сексенбай алған болса, алаңсыз боп,  
«Қалғаны сау болсын» деп үйықтайды.

Төребай:

Ақын емен жүретін қаздай қалқып,  
Сексенбайды мактадың Сара шалқып.  
Батыр деген атақтан адыра қалсын,  
Момын елді жылатып жеген тартып!  
Ел қорғайтын батырды мактасаң ед,  
Жөн білетін Сара едің, кеттің тантып!  
Бұрынғы ата-баба мақалы бар,  
«Енді қортық бұлдірер, қойды — шартық!  
Шетте жатқан төріні ит сүйрейді,  
Сексенбайдың сол иттен қай жері артық?!

—  
дегенде өзінің сүрінгенін түсінген Сара күліп жіберіпті де, Төребайдың үстіне ішігін жауыпты. Сонда ауыл ақсақалдарының бірі:— жок, шырағым Сара, бұл же-  
ніліске кінәлі сен емессің, Сексенбайдай тентекке тиу  
салмай отырған біз кінәліміз,— деп Сараның шапанын  
жапкан екен.

## ТҮСІНІКТЕР

### ӨЛЕҢДЕР, ДАСТАНДАР

«Қош бол, елім»— бұл ақын Сараның Ақсумен арызда-  
сы. Өлеңді ел аузынан 1959 жылы хатқа түсірген — Толғанбай  
ақынның үрпағы Тостағанбетов Жәрдембек. Ол — отызыншы  
жылдарда Ақсу өнірінде құрылған колхоз-совхоз театрының ал-  
ғашқы өнерпаздарының бірі. Домбырада неше түрлі күй тартып,  
ән салатын, өзі де өлең-жыр шығаратын Ж. Тостағанбетовтың  
біраз өлеңдері «Жазушы» баспасынан шыққан халық ақындары  
жинағына енген.

«Карлығаш»— Сараның бұл өлеңін Қаптағай елі Көлдей  
руының қарты Қайырбеков Әділбек ақсақалдың аузынан жазып  
алған Тәнірберген Қалиаханов.

«Шымылдық қарағай»— Сара бұл өлеңді Қора жайлауының табанын-  
дағы Шымылдық қарағай деген жердің сұлулығына арнап шығар-  
ған. Өлеңді айтып беруші Қайырбеков Әділбек ақсақал.

«Торығам»— бұл өлеңді Т. Қалиаханов 1956 жылы Қапал  
ауданындағы «Пламя революции» колхозы орналасқан Баянжүрек  
тауының онтүстік-батыс тұмсығын қыстап отырған Есімбеков Айт  
деген адамнан жазып алған. Сұрастыра келгенде бұл кісі Бір-  
жан — Сара айтысындағы есімі Тұрысбек қажымен қатар аталатын  
Есімбектің белбаласы болып шықты. Айт ақсақал жасында Жетісу  
өніріндегі той-томалактардың, атаулы ас берген жерлердің бәрінен  
де қалмайтын сауықшыл жігіт болған екен. Өзі де домбыра шер-

тіл, ән шырқап жіберетін көптеген қисса-дастандарды жатқа білетін адам. Эйгілі Әсет ақынның жанында жүріп, Бақтыбай ақынмен айтысының ішінде болған. Әсеттен басқа да ақын, әншілер жайында көптеген деректерді біледі.

«Арсалан алдында»— өлең 1955 жылы Қапал ауданының Абай атындағы колхозының тұрғыны Бейсебаев Бейсенбектің аузынан жазылып алынған. Бейсенбек жасында домбыра ұстап, өлең айтып, жыр-дастандарды көп жаттаған адам. Ол Толғанбай ақынның атақты ақын Тұбекпен айтысын, Тәйкөт ақынның Бексұлтан төреге айткан өлеңдерін жазып алып, Қазак ССР Ғылым академиясының қолжазбалар қорына тапсырған.

Арсалан кәдімгі Біржан — Сара айтысындағы: «Арсалан, сал Ниязбек ізден келіп, шошынды жүгірістен танбағанға», — дегендегі Арсалан. Кедей табынан шыққан. Арсалан үлкен айтыс ақыны болған. Ақын Сараның «Арсалан алдында» дейтін өлеңі Сараның басы байланып, Жиенқұлға атастырылғаннан кейін, сол бағдарына наразы болып жүрген жылдарында айтылса керек.

«Ортақ мұн»— ақын Сараның Абдыра бекеті мен Қекжайдакты аралап, ел ішінде жүрген кезінде Жиенқұлға баруға разы болмай, жылап-сықтап айтқан өлеңдерінің бірі.

Бұл өлең Сараның жақын бауыры Мейрамбай мен көпті көрін, көпті білген, өткен-кеткен өмірдің талайын көкірегіне түйген Түйтебаев Тұрлыбек деген кісіден жазылып алынған. Тұрлыбек сондай-ақ Ағанасұлы Тәйкөт, Азнакұлұлы Ахмет, атақты Толғанбай ақындар мен Молықбай қобызшы туралы көптеген деректерді де біледі. Сараның әкесінің ертерек қайтыс болғаны, оның шешесінің есімі Жаншөке, Жайсанбек, Сахари деген ағаларының болғаны, олардың кедейліктен Абдыра бекетіне келіп тұрғаны туралы бірсыншыра деректер осы кісінің айтуынан алынған. Тұрғылықты жері — Ақсу ауданы, Киров атындағы колхоз.

«Аққү»— бұл өлең де Түйтебаев Тұрлыбек қарияның айтуынан жазылып алынған.

«Ашындым»— мұны да сол Тұрлыбек қария айтып берген.

«Жүрек»— Есімбек Айт ақсакалдан алынған.

«Көп сәлем Ыбекеме, дүғай-дүғай»— бұл өлеңді айтып беруші — Мәкей Еркінбеков. Мәкей аксақал ақын Сараны көрген адам. Өлеңнің тарихы былай көрінеді: Абайдың үлкен баласы Әбіш Верный қаласында қайтыс болып, кейін соның мәйітін алып қайтқан сүйекшілер ақын Сараның үйін әдейілеп іздел келіп, бір қонып шықкан. Сол сүйекшілер тобын бастап келген Шәкәрім деген кісінің әңгімесінен естіп, өлген баласы Әбішке қатты қайғырған Абайға арнап, Сара осы өлеңді айтыпты. Өлеңді Мәкей Еркінбековтің айтуынан жазып алған Шығанбаев Жұмабай — азамат соғысы жылдарында Жетісудағы Черкасск қорғанысшыларына ылаушы болып көмектескен аксулық кедей жігіт, кейін алғашқы совет мектептерінде оқып шығып, көп жыл мұғалім, Аксу аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болған кісі.

«Тағдыр тәлкегі»—«Жоқшылықта», «Зорлық» «Корлық», «Бекіндім» деген бөлек-бөлек, бірақ бір-бірімен тікелей байланысты өлеңдерден топталған. Бұл дастанды 1938 жылы тапсырған Қалел Сейсенбеков. Ол бұл өлеңді Құдайберген деген кісінің дәптерінен жазып алғыпты. Қалел Ұлы Отан соғысында қаза тапқан.

## AЙТЫСТАР

Біржан мен Сараның айтысы — Айтыс тексі «Қисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны» деген атпен 1898 жылы Қазан университетінің баспаханасында басылған алғашқы нұсқасы бойынша беріліп отыр. Бұл айтыс туралы осы жинақтағы алғысөзде біраз дерек-мәліметтер айтылған. Айтыстың текстологиясын тағы бір рет түп нұсқасымен салыстыра қарап, бертін келе түскен кейбір өзгерістерді қайтадан ретке келтіруші — Қазак ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қызметкері Рысбек Сарғожин.

«Сара мен Тәсібек»— Қазак ССР-не еңбегі сіңген мұғалім Мәкей Еркінбековтің жазып тапсырған естеліктерінен.

«Сара мен Ермек»— Сараның көп өлеңдерін жатқа білетін атақты халық ақыны Куат Терібаевтің айтуынан есінде

сактап, 1957 жылы хатка түсірген Қапал селосының тұрғыны Арын Мұхаметжанов.

«Сарал мен Құдай берген»— Ақын Сараның кайын сіңлісі Биғайша Қәуекембай қызының айтуынан жазылып алғанған.

«Төребай мен Сара»— бұл айтысты ел аузынан жазып алған Е. Ақжолтаев. Айтыс Е. Ақжолтаевтың Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінде 1976 жылғы 14 октябрьде жарияланған «Төребай Есқожаұлының мұрасы» атты мақаласынан алғынды.

## МАЗМУНЫ

Ақын Сара. Т. Қалилаханов . . . . . 5

### *Өлеңдер, дастандар*

|  |    |
|--|----|
| Тағдыр тәлкегі . . . . .                 | 23 |
| Жүрек . . . . .                          | 40 |
| Ашындым . . . . .                        | 46 |
| Арсалан алдында . . . . .                | 49 |
| Ортак мұн . . . . .                      | 52 |
| Аққу . . . . .                           | 53 |
| Қарлығаш . . . . .                       | 55 |
| Торығам . . . . .                        | 57 |
| Шымылдық . . . . .                       | 60 |
| Қош бол, елім . . . . .                  | 63 |
| Көп сәлем Үбекеме, дүғай-дүғай . . . . . | 67 |

### *Айтыстар*

|                                     |     |
|-------------------------------------|-----|
| Біржан мен Сараның айтысы . . . . . | 71  |
| Сара мен Тәсібек . . . . .          | 104 |
| Сара мен Ермек . . . . .            | 106 |
| Сара мен Құдайберген . . . . .      | 111 |
| Төребай мен Сара . . . . .          | 112 |
| Түсініктер . . . . .                | 114 |

*Сара Тастанбекова*

**СУДЬБА ПЕСНИ**

*стихи и айтысы  
(на казахском языке)*

Редактор *М. Жумагалиев.*  
Художник *Б. Табылдиев.*  
Худ. редактор *Б. Машрапов.*  
Техн. редактор *П. Вальчук.*  
Корректор *Н. Измайлова.*

*ИБ 1564*

Сдано в набор 25.02.80. Подписано к печати 10.09.80. УГ02046.  
Формат 70×108/32. Бумага офсетная № 1. Литературная  
гарнитура. Печать офсетная. Печ. л. 3,75. Усл. п. л. 5,25.  
Уч.-изд. л. 4,38. Тираж 9000 экз. Заказ 416. Цена 50 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

## **Тастанбекқызы Сара.**

**T22**      Тордағы тоты: Өлеңдер мен айтыстар.— Алматы:  
Жазушы, 1980.— 120 бет.

Бұл кітапқа атакты Біржан салмен айтысқа түскен Сара Тастанбекқызының өлеңдері мен айтыстары енгізілді. Өлеңдері түкшіш рет жарияланып отыр.

Арнайы редакциясын қарастар: ақын, сыншы Әбіраш Жемішев пен филология ғылымдарының докторы Бекмурат Уахатов.

Каз2

70700—153  
T  $\frac{402(05)80}{402(05)80}$  124—80 4702230100